

«А. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжі» КМҚК



«Жұмысшы мамандықтарын даярлау жүйесін дамыту
мен жаңғырту: кәсіптік білім беру саласындағы
міндеттер, мүмкіндіктер және инновациялық тәсілдер»

«Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы»

29 қазан 2025 жыл

БАЛҚАШ қаласы

МАЗМҰНЫ

Жаманшина К.С «Физика пәнін кейс негізінде оқытудың теміржол саласына ықпалы».....	4
Рашид А.Ш,Тулеушин А.К «Жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы теміржол мамандарын даярлау сапасын арттыру	9
Шайкиева Ф.А,Көлен А.Ш «Теміржолшы маманның қолындағышеберлік пен мүмкіндіктер.....	13
Улт.М «Теміржол саласы үшін кадрлар даярлаудың заманауи тәсілдері: проблемалар мен даму перспективалары».....	16
Кантарбаева В.М «Взаимодействие с социальными партнерами – основа успешного развития образовательного учреждения».....	19
Макымбаева А.О,Амантай С.Е «Адаптация и наставничество работников рабочих профессий и развитие кадрового потенциала предприятий железнодорожной отрасли».....	22
Данибекова П.А «Электроснабжение предприятий металлургии».....	27
Камзабеков И.М «Теміржол саласындағы кадрлық әлеуетті дамыту:инновациялық білім беру технологиялары мен болашағы».....	31
Калкеева К.Н «Банк пен колледж арасындағы серіктестік – студенттердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру және жұмысқа орналасу кепілі».....	34
Токарчук Е.В, Байров Н.Б « Современные подходы к подготовке кадров для железнодорожной отрасли : вызовы и перспективы развития».....	38
Масалова О.Ю « Развитие партнерских отношений с филиалами банков в городе Балхаш для обеспечения практической подготовки студентов колледжа по направлениями «менеджмент» и «Банковское дело».....	45
Сагимбекова М.Н « Жылу энергетикасы саласындағы кадр даярлаудың серіктестік :колледж бен – өндіріс орындарының бірлескен жұмысының тиімді моделі».....	48
Асқар Б.А «Жезқазған индустриялды-гуманитарлық колледжіндегі өндірістік оқыту тәжірибесінің ұйымдастырылуы».....	51
Смайлова А.У «Кәсіптік білім беру жүйесінде жи технологияларын қолдану арқылы ДСП мамандарын даярлау».....	53
Закарьянова А.Э « Использование систем искусственного интеллекта в управлении железнодорожным перевозками».....	57
Кудияров Ж.Х, Итесова А.Б «Эффективные методы обучения: применение тренажеров и VRв профессиональном образовании».....	60
Ахметова Г.К «Электронды оқулықтарды қазақ тілі сабақтарында қолданудың тиімділігі».....	63
Даулеткелдинова С.Н,Сарепова М.Д «Кәсіптік білім беруде және теміржол көлігінде цирфлық технологияларды қолдану».....	66
Сайранкок Б. «Теміржол көлігінің жүріс бөлігінің қызмет ету мерзіміне шпал конструкциясының материалының әсері».....	70

Тасбаева А.А. «Теміржолшы мамандарды даярлауда химия пәнін сандық технологияларды қолдана отырып оқыту».....	73
Оськина Н.Н. «Организация перевозок на железнодорожном транспорте».....	
Қабылова Д.А. «Теміржол көлігінде виртуалды тренажерлар мен симуляциялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі».....	77
Толуханова И.Р,Дюсембаева Д.З «Кәсіптік білім берудегі және теміржол көлігіндегі цифрлық технологиялар».....	80
Амангельдинова Ж..А. «Эффективность использования активных методов на занятиях экономики».....	83
Сарсенова А.К « Цифровая трансформация образования с сфере железнодорожного транспорта».....	86
Тилеубекова А.С. «Сандық технологияларды теміржол көлігінде қолдану».....	90
Жексембина Ш.Б «Жасанды интеллекттің кәсіптік білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері».....	96

ФИЗИКА ПӘНІН КЕЙС НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНА ЫҚПАЛЫ

Жаманшина Каракоз Сайлановна

Алматы көлік және коммуникациялар колледжі

Өзектілігі:

Қазіргі таңда кәсіптік білім беру жүйесінің басты мақсаты – еңбек нарығына бейімделген, кәсіби құзыретті, өз бетімен шешім қабылдай алатын мамандар даярлау. Бұл мақсатқа жету үшін дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар, білім алушылардың тәжірибелік ойлауын, сыни көзқарасын дамытатын инновациялық тәсілдер қажет. Теміржол саласы секілді жоғары жауапкершілікті, нақты техникалық есеп пен шұғыл шешім қабылдауды талап ететін мамандықтарда бұл талап ерекше маңызға ие. Бұл салада жұмыс істейтін мамандардың физика заңдылықтарын терең меңгеруі - қозғалыс, энергия, күш, үйкеліс, ток, жарық сигналдары сияқты өндірістік процестерді дұрыс түсініп, тиімді шешім қабылдауына негіз болады.

Алайда қазіргі кәсіптік білім беру жүйесінде физика пәнін оқытуда бірқатар өзекті мәселелер туындап отыр:

- білім алушылардың пәнге қызығушылығының төмендігі;
- физикалық теорияны нақты өндірістік процестермен байланыстырудың жеткіліксіздігі;
- нақты практикалық жағдайларда шешім қабылдау дағдысының әлсіздігі.

Осы проблемаларды шешу үшін заманауи оқыту тәсілдерін қолдану - білім сапасын арттырудың және бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті теміржол мамандарын даярлаудың басты шарты болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, кейс әдісі – нақты өмірлік немесе өндірістік жағдайларға негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың техникалық ойлауын, сыни пайымдауын, логикалық талдау қабілетін, шешім қабылдау машығын дамытудың тиімді құралы ретінде танылады. Мақалада кейс әдісінің проблемалық оқытудан айырмашылығы айқындалады. Кейс-технологиялардың физика сабақтарында қолданылу мүмкіндіктері қарастырылды. Физика сабақтарында кейс әдісін енгізу тәжірибесі бойынша технологияның артықшылықтары қарастырылып, сапалық есептерді шығару кезіндегі кейс-технологияларының рөлі талданды.

Зерттеудің мақсаты:

Темір жол саласына қажетті білікті мамандарды даярлауда қолданылып жүрген заманауи тәсілдерді талдау, олардың тиімділігін зерттеу және оны оқыту процесіне тиімді енгізу жолдарын анықтау.

Зерттеудің міндеттері: 1. Темір жол саласына тән қазіргі заманғы талаптар мен өзгерістерді саралау;

2. Кәсіптік білім берудегі инновациялық оқыту әдістерін (цифрлық технологиялар, кейс-әдісі, модульдік оқыту, дуалды жүйе, STEM, т.б.) сипаттау;

3. Мамандар даярлау барысында кездесетін негізгі проблемаларды анықтау

4. Физика пәнін оқытуда заманауи тәсілдерді енгізудің тиімді жолдарын ұсыну;

5. Техникалық шешім қабылдау дағдыларының құрылымын анықтау – білім алушыларға қажетті негізгі кәсіби құзыреттерді жіктеу.

6. STEM, сандық технологиялар, кейс әдісі т.б. кіріктірілген әдістердің тиімділігін дәлелдеу.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің заманауи модернизациясы оқытуда жаңа тиімді әдістерді енгізуді талап етеді, себебі заман ағымына сай талаптар да өзгеріп, толықтырылып отырады.

Қазіргі таңда кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың тек теориялық біліммен шектеліп қалмай, өндірістік және өмірлік жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай алуы, кәсіби бағытта ойлап, нақты әрекет ете алуы талап етіледі. Кәсіптік білім беру жүйесінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану – болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың негізгі құралы. Теміржол саласы – жоғары жауапкершілікті, нақты есептеуді және терең техникалық білімді қажет ететін сала. Сондықтан теміржол мамандарын даярлау барысында физика пәні ерекше орын алады. Физика пәні – осы мамандықтар негізінде жатқан маңызды теориялық және практикалық сала. Бұл пән – теміржол техникасын, қозғалыс динамикасын, электр жүйелерін түсінудің негізі. Жаңа технологиялар мен өндірістік талаптарға сай, оны оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру өзекті мәселеге айналып отыр. [1].

Заманауи тәсілдердің маңыздылығы

Жаңа форматтағы кәсіптік білім беруде дәстүрлі әдістермен қатар, төмендегідей заманауи тәсілдер ерекше маңызға ие:

- STEM білім беру – ғылым, технология, инженерия және математика пәндерін біріктіру арқылы білім алушылардың техникалық ойлауын дамыту.

STEM технологиясының білім алушыларға теориялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік беретін жобаларды жасау, эксперименттер жүргізу және ғылыми зерттеулер жұмыстарымен айналысуға бағыт-бағдар береді.

- Сандық технологиялар – 3D модельдеу, симуляторлар, онлайн зертханалар арқылы күрделі процестерді визуалды түрде түсіндіру.

- Кейс әдісі – нақты өмірлік жағдайларды талдау арқылы практикалық ойлауды қалыптастыру.

- Проблемалық оқыту - күрделі техникалық проблемалар арқылы шешім табу дағдыларын дамыту. Проблемалық оқытудың ерекшелігі - мұнда оқытушы білімді дайын түрінде ұсынбайды, бірақ білім алушыларға

проблемалық тапсырмалар береді. Білім алушының өзі шешімдерді іздейді.[2]

Осылардың ішінде – кейс әдісі. Кейс-әдісі – проблемалық-жағдайлық оқытудың жаңаша оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін прогрессивті педагогикалық технологиясы. Оның басты мақсаты – әртүрлі мәселелерді талдау және шешу қабілеттерін дамыту, ақпаратпен жұмыс жасау. Бұл жаңа білім беру парадигмасына сәйкес келеді. Сонымен қатар басты акцент дайын білімді меңгеруге емес, білімді шыңдауға, ақпаратты өңдеуге, оқытушы мен білім алушының ынтымақтастық қарым-қатынасына бағытталған. Бұл әдіс шынайы немесе модельденген өндірістік жағдайларды талқылау арқылы білім алушылардың сыни ойлауын, талдау қабілетін, шешім қабылдау дағдысын дамытады. Темір жол саласы – нақты тәртіп пен технологияны қажет ететін, жоғары жауапкершілікті мамандықтар қатарына жатады. Сондықтан болашақ теміржолшыларға кәсіби жағдаяттарды сабақ барысында талдатып, шешу жолдарын ұғындыру өте тиімді.

Кейстердің түрлері:

- нақты өмірлік жағдайларды көрсететін практикалық кейстер;
- негізгі міндеті оқыту болатын оқыту кейстері;
- зерттеу қызметін жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу кейстері.

Түрі	Мазмұны	Жасау мақсаты	Негізгі білім беру міндеті
Практикалық кейс	Өмірлік жағдайлар (эксперимент, зертханалық жұмыс)	Таным, өмірді түсіну	Тренинг, мінез-құлық, білім, білік дағдыны бекіту
Оқытушы кейс	Білім берудің жағдайлары (есептерді жатқызуға болады)	Жағдайдың типтік сипаттамаларын түсіну	Талдау, түсіну
Ғылыми - зерттеушілік кейс	Зерттеушілік жағдай (ғылыми жаңалықтар, сапалық есептер)	Жағдай модельдерін құру	Зерттеу

Кейс-технологияның негізгі артықшылықтары:

1. Тәжірибеге жақындық – Өндірістік процестер мен техникалық ақауларға қатысты жағдайларды талдауға мүмкіндік береді.
2. Шешім қабылдау дағдысы – Әртүрлі нұсқаларды салыстыру арқылы оңтайлы шешімді таңдауға үйретеді.
3. Командалық жұмыс – Топпен жұмыс істеу арқылы қарым-қатынас, пікір алмасу дағдылары дамиды.
4. Жауапкершілік – Өз шешімінің салдарын болжай отырып, кәсіби жауапкершілік қалыптастырады.

5. Интеграция – Бірнеше пәндік білімді біріктіре отырып, кешенді ойлау қабілетін дамытады.

6. Мотивация – Білім алушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады, белсенділікке итермелейді.

7. Сыни және логикалық ойлау – Нақты деректерді талдап, логикалық қорытынды жасауға үйретеді. [3]

Кейс әдісін білім алушылар әртүрлі жағдайда білім блогын қолдана алуы маңызды. Бұл мүмкіндікті тек жүйелі білім береді. Сондықтан физика сабақтарында кейс-технологияларды белгілі бір біліммен танысу кезеңінде немесе қандай да бір тақырыппен жұмыс істеудің соңғы кезеңінде қолдануға болады. Мысалы: «Дене импульсі, күш импульсі және импульстің сақталу заңы» тақырыбын өткен кезде білім алушыларды топқа бөліп келесі кейс тапсырмаларын ұсынуға болады.

1. Білу (Knowledge) Түсіну (Comprehension)

- Дене импульсі және күш импульсінің анықтамасын жазыңыз.

- Импульстің сақталу заңын тұжырымдаңыз.

- Қозғалыстағы пойыз вагоны тежелген кезде, вагон ішінде тұрған жолаушылар алға қарай серпіліп кетеді. Бұл құбылысты импульс заңы арқылы түсіндіріңіз.

Бағалау критерийі:

- Импульс ұғымын дұпыс анытайды.

- Құбылыстың физикалық негізін сипаттайды.

- Күш импульсі дене импульсін өзгертуге әсер ететінін түсіндіреді.

2. Қолдану (Application) Талдау (Analysis)

- Массасы 200 т жүк пойызы 72 км/сағ жылдамдықпен келе жатыр. Ол толық тоқтауы үшін қандай импульс өзгерісі жүреді?

- Бастапқыда тыныштықта тұрған массасы 40т вагон екінші вагонмен соқтығысады. Екінші вагон массасы 30 т, жылдамдығы 5 м/с. Соқтығысқаннан кейін вагондар бірігіп қозғалады. Соқтығысқаннан кейінгі жаңа жылдамдықты анықтаңыз.

Бағалау критерийі:

- Есептің шартын дұрыс қолданады.

- Импульсті есептейді.

- Импульстің сақталу заңын дұпыс есептейді.

3. Жинақтау (Synthesis) Бағалау (Evaluation)

- Жоба тапсырмасы. «Соқтығысты азайту технологиясы» атты жоба дайындаңыз. Импульс пен күшті азайту әдістерін (амортизаторлар, буферлер, тежегіш жүйелері) зерттеңіз.

- Дебат. «Импульстің сақталу заңы - темір жол қауіпсіздігінің негізі» деген пікірді дәлелдеңіз немесе терістеңіз. Қандай нақты жағдайларда бұл заң маңызды рөл атқарады?

Бағалау критерийі:

- Физикалық ұғымдарды қолдана отырып, ұсыныс жасайды.

- Нақты техникалық шешім ұсынады.
- Пікірін нақты дәлелмен жеткізеді.

Қорытынды. Кейс-стади базалық білімдерді артқа тастамайды, керісінше оқу материалының өзектілігін анықтайды. Сондықтан заманауи талаптарға сәйкес келетін кейс-технологияларды физика пәніне қолдану тиімді.

Кейс әдісі, сонымен қатар кәсіптік білім беруде оқу процесін өмірмен байланыстырудың тиімді жолы. Бұл әдіс тек білім беріп қана қоймай, кәсіби құзыреттілікті, теория мен практиканы байланыстырып, білім алушыларды нақты өмірлік жағдаяттармен жұмыс жасауға бейімдейді, өздігінен ойлау мен шешім қабылдау қабілетін дамытады. Сондықтан оны жүйелі түрде қолдану заманауи талаптарға жауап беретін білікті мамандар даярлауға зор үлес қосады.[4]

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1]. Файзуллаев А. Физиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: Қыздар университеті, 2014. – 338 б
- [2]. Тангалиева А. И. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін физика сабағында пайдаланудың тиімділігі. <http://zkoipk.kz/ru/2015smart1/1548-conf.html>
- [3]. Белянин В.А. Методическая система формирования исследовательской компетенции будущего учителя при изучении физики: дис. ... док. пед. наук: 13.00.02 / Белянин Валерий Александрович. 2012. – 483 с.
- [4]. Давиденко В. Чем «кейс» отличается от чемоданчика?//Обучение за рубежом, №7, 2000. С. 82-85.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ САПАСЫН АРТТЫРУ

**Рашид Ақерке Шакизадақызы
Тулеушин Акылбай Канатович
Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжі**

Елбасы Қасым-Жомарт Кешімұлы Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны еліміздің білім беру жүйесіне жаңа серпін берді. Мемлекет басшысы: «Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз» деп атап өтті [1]. Осы бастаманың шеңберінде жасанды интеллект технологияларын теміржол мамандарын даярлауда қолдану өзекті мәселеге айналды. Қазіргі заманғы цифрлық дәуірде жасанды интеллект білім беру процесін түбегейлі өзгертуге және оқытудың сапасын айтарлықтай арттыруға қабілетті құрал ретінде танылуда. Теміржол саласы ел экономикасының негізгі тіректерінің бірі болғандықтан, осы салаға білікті мамандарды заманауи технологиялар арқылы даярлау стратегиялық маңызға ие болып отыр.

Жасанды интеллект бұл әдетте адамның интеллектуалды қабілетін қажет ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті бағдарламалар мен жүйелерді құрумен айналысатын технологиялық құрал болып табылады [2]. Жасанды интеллект оқытуды, логиканы, жоспарлауды, сөйлеуді тануды, қабылдауды және басқа да күрделі процестерді имитациялауға және талдауға тырысады. Білім беру саласында жасанды интеллектті қолданудың басты артықшылығы әр оқушының қажеттіліктеріне бейімделген жеке білім беру тәсілдерін ұсына алуы болып табылады. Сондай-ақ, жасанды интеллект жаңа дағдылар мен тілдерді үйренуге көмектеседі және студенттердің білім деңгейіне сәйкес жекелендірілген оқу материалдары мен тапсырмаларды ұсына алады [3].

Қазақстан Республикасы жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне енгізу бойынша белсенді жұмыстар жүргізуде. 2025 жылдан бастап жасанды интеллект элементтері «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндеріне енгізілді [4]. Жасанды интеллектті білім беруге енгізу Қазақстанның кең ауқымды цифрлық трансформация стратегиясының

бөлігі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында: «Ол үшін жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен зерттеуге баса назар аудара отырып, орта мектеп пен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау қажет» деп атап өтті [3]. Осы бағыттағы іс-қимылдар теміржол мамандарын даярлауда жаңа мүмкіндіктер ашады.

«AI-Sana» бағдарламасы Қазақстанда жасанды интеллект саласындағы кадрларды даярлаудың ірі бастамасына айналды. Ғылым және жоғары білім министрлігінің ақпаратына сәйкес, бағдарламаның бірінші кезеңінде 544 мың студент Huawei, Coursera, Astana Hub платформаларында және университеттерде жасанды интеллект бойынша курстардан өтіп, сертификаттар алды [5]. Қазіргі уақытта Қазақстанның 30 жоғары оқу орны жасанды интеллект бойынша 38 білім беру бағдарламасын іске асыруда. 2025 жылдан бастап жасанды интеллектті қолдану дағдылары барлық білім беру бағдарламаларына интеграцияланды және еліміздің 95 университеті тиісті пәндерді оқу жоспарларына енгізді [5]. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның жасанды интеллект дәуіріне дайындалу бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізіп жатқанын көрсетеді.

Теміржол мамандарын даярлауда жасанды интеллект элементтерін қолданудың бірнеше негізгі бағыттары бар. Біріншіден, адаптивті оқыту жүйелерін енгізу өте перспективалы болып табылады. Адаптивті оқыту дегеніміз білім алушының жеке академиялық маңызды сипаттамаларын үздіксіз талдау негізінде жеке оқу траекториясы қалыптасатын оқыту түрі [6]. Теміржол мамандықтары бойынша оқитын студенттер үшін бұл әрқайсысының дайындық деңгейі мен оқу қарқынына сәйкес келетін жеке бағдарламалар құруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект негізіндегі жүйелер студенттердің күшті және әлсіз жақтарын анықтап, қосымша материалдарды немесе тапсырмаларды автоматты түрде ұсына алады. Мысалы, егер студент теміржол сигнализациясы мен байланысы бойынша материалды қиындықпен меңгеріп жатса, жүйе қосымша түсіндірмелер, бейне сабақтар немесе интерактивті тренажерлер ұсына алады.

Екіншіден, виртуалды симуляторлар мен тренажерлер теміржол мамандарын даярлауда революциялық өзгерістер енгізуде. Жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған виртуалды тренажерлер студенттерге нақты өндірістік жағдайларды қауіпсіз ортада имитациялауға мүмкіндік береді. Машинистерді даярлауда виртуалды симуляторлар түрлі ауа райы жағдайларын, төтенше жағдайларды, техникалық ақауларды және басқа да күрделі сценарийлерді қайталауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект негізіндегі жүйелер студенттің әрекеттерін нақты уақыт режимінде талдап, қателерді көрсетіп, дұрыс шешімдерді ұсына алады. Бұл тәсіл оқытудың тиімділігін арттырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және материалдық шығындарды азайтады.

Үшіншіден, генеративті жасанды интеллект оқу материалдарын жасауда және жаңартуда маңызды рөл атқара алады. Генеративті жасанды интеллект

бұл құрылымы мен сипаттамалары бойынша бұрыннан бар деректерге ұқсас жаңа деректерді жасауға қабілетті жасанды интеллект түрі [6]. Теміржол саласы үнемі дамып жатқандықтан, оқу материалдары да үздіксіз жаңартылып отыруы қажет. Жасанды интеллект жаңа техникалық стандарттар, ережелер мен нормативтерді талдап, автоматты түрде оқу материалдарын жаңартуға көмектесе алады. Сонымен қатар, жасанды интеллект әртүрлі деңгейдегі студенттер үшін материалдарды әртүрлі күрделілік дәрежесінде ұсына алады. Мысалы, бір тақырып бойынша бастауыш деңгей, орташа деңгей және озық деңгей үшін әртүрлі түсіндірмелер мен мысалдар жасай алады.

Төртіншіден, жасанды интеллект негізіндегі бағалау жүйелері білім сапасын объективті бағалауға және студенттердің прогресін үздіксіз мониторингілеуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі емтихандар мен тесттерден айырмашылығы, жасанды интеллект студенттің білімін кешенді түрде бағалай алады. Жүйе студенттің жауаптарын талдап, логикалық ойлауды, проблемаларды шешу қабілетін, практикалық дағдыларды бағалай алады. Теміржол мамандықтары үшін бұл өте маңызды, өйткені мұнда тек теориялық білім емес, практикалық дағдылар да ерекше рөл атқарады. Жасанды интеллект студенттің виртуалды симуляторда жасаған әрекеттерін талдап, шешім қабылдау жылдамдығын, дұрыстығын және тиімділігін бағалай алады.

Бесіншіден, табиғи тілді өңдеу технологиялары теміржол мамандарын даярлауда жаңа мүмкіндіктер ашады. Табиғи тілді өңдеу жасанды интеллекттің адам тілін түсінуге және өңдеуге қабілетті саласы болып табылады [2]. Бұл технология студенттерге интеллектуалды көмекшілер арқылы кез келген уақытта сұрақтар қоюға және жауап алуға мүмкіндік береді. Мысалы, студент теміржол көлігінің техникалық сипаттамалары туралы сұрақ қойса, жасанды интеллект негізіндегі көмекші толық және түсінікті жауап бере алады. Сонымен қатар, көмекші студенттің сұрағына байланысты қосымша материалдарды, кестелерді, диаграммаларды немесе бейнематериалдарды ұсына алады. Бұл студенттердің өздігінен оқуын жеңілдетеді және оқытушылардың жүктемесін азайтады.

Алтыншыдан, жасанды интеллект теміржол мамандарына арналған кәсіптік тренингтер мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруда да қолданыла алады. Теміржол саласында жұмыс істеп жүрген мамандардың біліктілігін үздіксіз арттыру өте маңызды. Жасанды интеллект негізіндегі платформалар қызметкерлердің білім деңгейін талдап, әрқайсысы үшін жеке даму жоспарын құра алады. Мысалы, егер жол жөндеу қызметкерінің жаңа жабдықтармен жұмыс істеу дағдылары жеткіліксіз болса, жүйе арнайы оқу модулін ұсына алады.

Жетіншіден, жасанды интеллект теміржол оқу орындарындағы әкімшілік процестерді оңтайландыруға да көмектеседі. Студенттерді қабылдау, оқу топтарын қалыптастыру, кестелерді құру, оқытушыларды бөлу сияқты процестер жасанды интеллект көмегімен автоматтандырылуы мүмкін.

Жүйе студенттердің қалауларын, оқытушылардың жүктемесін, аудиториялардың бос уақытын талдап, оптималды шешімдерді ұсына алады. Бұл әкімшілік қызметкерлердің уақытын үнемдеп, оларға стратегиялық мәселелерге көбірек назар аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект студенттердің үлгеріміне, қатысуына, тәртібіне байланысты есептерді автоматты түрде жасап, оқытушыларға және әкімшілікке уақтылы ақпарат бере алады.

Қорыта келгенде, жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы теміржол мамандарын даярлау сапасын арттыру Қазақстанның экономикалық дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін стратегиялық бағыт болып табылады. Жұмысшы мамандықтары жылы контекстінде жасанды интеллект технологияларын теміржол білім беру жүйесіне енгізу жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттырып, заманауи білікті кадрлар даярлауға ықпал етеді. Адаптивті оқыту, виртуалды симуляторлар, интеллектуалды көмекшілер, автоматтандырылған бағалау жүйелері сияқты жасанды интеллект құралдары оқыту тиімділігін арттырып, студенттердің практикалық дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Алайда, жасанды интеллектті жауапты және этикалық тұрғыдан дұрыс қолдану, оқытушылардың біліктілігін арттыру, техникалық инфрақұрылымды дамыту, білім беру мазмұнын жаңарту сияқты мәселелерді шешу қажет. Қазақстанның жасанды интеллект саласындағы белсенді саясаты, «AI-Sana» сияқты бағдарламалардың іске асырылуы, мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығы теміржол мамандарын даярлаудың сапалы жаңа деңгейіне көтерілуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс] // Qazaqstan TV. – Қолжетімділік режимі: <https://qazaqstan.tv/news/217039> (қаралған күні: 20.10.2025).
2. Жасанды интеллект деген не? [Электрондық ресурс] // QazGPT. – Қолжетімділік режимі: https://qazgpt.kz/ai_info.php (қаралған күні: 20.10.2025).
3. Жасанды интеллект: оң мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер [Электрондық ресурс] // Bilim Expert. – Қолжетімділік режимі: <https://www.bilim.expert/kk/post/жасанды-интеллект-оң-мүмкіндіктер-және-ықтимал-тәуекелдер> (қаралған күні: 20.10.2025).
4. Как будут внедрять ИИ в образование школьников в Казахстане [Электрондық ресурс] // El.kz. – Қолжетімділік режимі: https://el.kz/ru/kak-budut-vnedryat-ii-v-obrazovanie-shkolnikov-v-kazahstane_400035846/ (қаралған күні: 20.10.2025).
5. Казахстан готовит кадры для эпохи искусственного интеллекта [Электрондық ресурс] // Inbusiness.kz. – Қолжетімділік режимі:

<https://inbusiness.kz/ru/last/kazakhstan-gotovit-kadry-dlya-epohi-iskusstvennogo-intellekta> (қаралған күні: 20.10.2025).

6. Жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ереже [Электрондық ресурс] // Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Қолжетімділік режимі: <https://farabi.university/students/34> (қаралған күні: 20.10.2025).

ТЕМІРЖОЛШЫ МАМАННЫҢ ҚОЛЫНДАҒЫ ШЕБЕРЛІК ПЕН МҮМКІНДІК

Шайкиева Фарида Асановна, Көлен Аружан Шакибайқызы

Алматы көлік және коммуникациялар колледжі

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамақ асырау жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» [1], деген екен кезінде жазушы Жүсіпбек Аймауытов. Әрине барлық адам басшы болса қалған жұмысты кім істейді?! Ал барлығы да жұмысшы болса да болмайды. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Адамның ең басты байлығы – оның еңбегі. Әрбір еңбек иесінің қолында тек қана күнкөріс көзі емес, сонымен бірге болашаққа жол ашатын мүмкіндік бар. «Еңбек етсең – емерсің» деп халқымыз бекер айтпаған.

Шеберлік – адамның өз ісін сүйіспеншілікпен орындау қабілеті. Нағыз шебер жұмыстың қыр-сырын жетік меңгеріп қана қоймай, оған жанын салады. Мәселен, ұсталардың қолынан шыққан әрбір бұйым тек қажеттілік емес, өнер туындысы іспетті. Мұндай еңбек өзгелерге қуаныш сыйлап, жұмысшының өзіне абырой әкеледі.

Ал мүмкіндік – сол шеберлікті дұрыс бағытта қолдана білу. Әрбір адам өз қолындағы дағдысын дамытса, ол жаңа табыстарға жол ашады. Бүгінде қарапайым еңбектен басталған талай жетістік үлкен кәсіпке айналып отыр. Демек, жұмысшының қолындағы құрал – тек ағаш пен темір емес, ол – болашаққа апарар кілт.

Биылғы елеулі өзгерістің бірі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы. Мемлекет басшысы өз сөзінде: "Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз" [2] деп атап өткен болатын.

Теміржол саласы Қазақстан экономикасының басты салаларының бірі болып табылады, сәйкесінше ұлттық табысқа және қоғамның әл-ауқатына әсер етеді. Тиімді көлік өндірістік процестерді жеделдетуге және аймақаралық және халықаралық экономикалық қатынастарды нығайтуға ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік бюджетті толықтыруға көмектеседі.

Қыстың қара суығында, жаздың аптап ыстығында мидай далада асай-мүсейін сүйреп, жол жамап жүрген теміржолшы мамандығының ауырлығы мен азабын кім біліпті? Сол секілді вагон қараушылар, станса кезекшілері, вагон құрастырушылар, машинистер жүк және жолаушылар тасымалының қауіпсіздік қозғалысын қадағалап, тәулік бойы тынымсыз тер төгіп жүрген жұмысшылардың еңбегі ерен екенін бірі білсе, бірі біле бермейді.

Осындай құрыш білек мамандарды даярлайтын Алматы көлік және коммуникация колледжі 1935 жылы құрылған. Талай теміржолшы түлеп ұшқан, 95 жылдық тарихы бар оқу ордасы. Біздің колледжде жастар 10 мамандық бойынша білім алады. Соның ішінде жетеуіне дуалды оқыту жүйесі енгізілген. Яғни сабақтың 60 пайызы кәсіпорында, 40 пайызы оқу орнында өтеді. 18 жасқа толған білім алушылардың 3-курстан бастап өндірістік тәжірибеде білімін шыңдау арқылы 290 000 теңгеге дейін жалақы алу мүмкіндігі бар. Демек мұндағы барлық мамандыққа сұраныс жоғары. Тіпті көптеген компания үздік студенттерді таңдап, бірден жұмысқа шақырады. Кейбір мамандықтарда бір топты толығымен жұмысқа қабылдайтын жағдайлар бар. Бұл арқылы біз теміржол саласында кадрларға орын жеткілікті екенін де байқаймыз.

Колледж қабырғасында білім алушылар арнайы пән бойынша білімді жаңа технологиялық жүйеде жабдықталған аудиторияларда алады. Аудиториялар интерактивті тақталар, электр схемалары, заманауи басқару панельдері, түрлі құрылғының макеттері және т.б. қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл жерде білім алушылар локомотивтердің, теміржол стансаларындағы электр жабдықтарының, теміржол инфрақұрылымындағы қуат көздерінің жұмыс істеу қағидаттарын зерттейді. Мұнда біздің білім алушылар теория мен тәжірибені ұштастырады. Олар болашақ теміржолшы ретінде электр тізбектерін жинап, трансформаторлар мен қозғалтқыштардың жұмысын модельдейді. Барлық үдеріс интерактивті түрде жүргізіледі, яғни студенттер бағдарламалық ортада схемаларды құрастырып, олардың нақты жұмыс істеуін бақылай алады. Қазіргі заманғы теміржол саласында цифрлық технологиялар мен автоматтандыру үлкен рөл атқарады. Сондықтан бұл кабинеттегі білім мен дағдылар – болашақта жұмысқа орналасқан кезде жас маманның негізгі қаруы болмақ. Осылайша білім алушыларға заманауи теміржол жүйесінде электр және автоматтандыру саласының қаншалықты маңызды екені айқын бола түседі. Тек пойыз жүргізу емес, оның электр жүйесін реттеу, тоқ жүйелерін бақылау және автоматтандырылған басқаруды игеру болашақ теміржолшылар үшін аса маңызды дағдылар екені сөзсіз. Осы теміржолшы мамандығын таңдайтындардың бір бөлігі – осы салада жұмыс

істейтін әке-шешесінің немесе туыстарының жолын жалғастырушы жастар. Олар бұл мамандықтың қыр-сырын жақсы біледі, саналы түрде таңдайды екен.

Теміржол мамандығы – тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілетін, жоғары жалақысы бар саланың бірі. Сол себепті жұмысшы мамандықтарын жастар арасында танымал ету – басты міндет. Егер дұрыс насихат жұмысы жүргізілсе, бұл салаға деген көзқарас та өзгереді, ал жастар жоғары жалақы алатын, тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар мамандықтарды таңдай бастайтыны сөзсіз.

Қазіргі таңда жастар жұмысшы мамандықтың иесі болғысы келмейді. Себеп көп.

Жалақы деңгейі. Жұмысшылардың жалақысы – мамандықтың бағалануын анықтайтын ең басты көрсеткіштердің бірі. Сондықтан да жұмысшы мамандардың жалақысын арттыру керек. Ынталандыру мақсатында сыйақы берілсе де нұр үстіне нұр болар еді. Айлық жалақының көтерілуі, жұмыссыздық сынды кедергілерді жояды.

Әлеуметтік қорғау. Жұмысшылардың құқықтарын қорғау – маңызды аспект. Жұмысшыларға берілетін әлеуметтік жеңілдіктер (демалыс, ауруханаға жату, зейнетақы жүйесі) жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттырады. Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын әлеуметтік қорғау жүйесі біртіндеп дамып келеді, бірақ әлі де жетілдіруді қажет ететін аспектілер бар. Жұмысшылардың құқықтарын қорғау, еңбек шарттарын жақсарту және әлеуметтік қолдауды күшейту – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру – қоғамда еңбек адамының қадірін арттыру, оның кәсіби біліктілігін шыңдау, жұмысшы қарым-қабілетін жан-жақты бағалау арқылы жүзеге асатын сан салалы үдеріс. Бұл міндетті шешу үшін кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру, біліктілікті арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту, еңбекақы мен әлеуметтік кепілдіктерді көбейту, жұмысшы мамандықтарын жаңарту, мән-маңызын кеңінен насихаттау, мемлекеттік, қоғамдық, жергілікті деңгейде қолдау көрсету сынды кешенді іс-шараларды жүйелі жүргізу қажет.

Қорытындылай келе, жұмысшы қолындағы шеберлік – еңбектің сәні, ал мүмкіндік – сол еңбектің нәтижесі. Екеуі үйлескен жерде ғана адам өмірі мәнді де мағыналы болмақ. Еңбекті қадірлей білген жан әрқашан биікке жетеді. Еңбек – адам өмірінің негізі, қоғамның дамуы мен өркендеуінің басты күші. Еңбектің қадірін түсінген адам табысқа жетіп қана қоймай, өмірдің шынайы маңызын ұғынады. Адал еңбек — адамды биіктететін, рухани байытатын қасиет. Сондықтан да әрбір істің нәтижесіне қуанып, маңдай термен келген жетістікті бағалау – өмірдің мәнін арттырады. Еңбекті қадірлеу – өз еңбегінді, өз өмірінді қадірлеу деген сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://bilim-all.kz/quote/17789>
2. <https://qamshy.kz/kz/article/74765-toqaev-2025-dgyldy-zhumysshymamandyqtary-dgyly-dep-dgariyalaymyn.html>
3. Социалистическое строительство Казахской ССР за 20 лет, 4-6.
4. Халық шаруашылығы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 1884-к., 80-т., 312-іс, 4-п.
5. Жетісу теміржолы (Арыс - Пішпек - Фрунзе) 1114 жылы салына бастаған, 1917 жылы жол Бурное стансасына дейін тартылды. Жолдың қалған бөлігі Кеңес үкіметі кезінде салынды (1924 жылғы қыркүйекте). Жетісу теміржолымен бір мезгілде революцияға дейін Новосибирскіден Барнауыл арқылы Семейге Алтай теміржолы (1914-1915) тартыла бастаған еді. Караныз: Асылбеков М.Х. Развитие железных дорог Казахстана в конце XIX - начале XX веков// Казахстан в канун Октября. А.-А., 1969, 196— 202-б.
6. Туркеста-Сибирская магистраль (Сб. статей). М., 1929, 282-б.
7. РКФСР 5(алық шаруашылығының мемлекеттік мұрағаты, 7578-к., 1-т., 10— 11-п; 3-іс, 67-п; 11-іс, 77-81-п.; 11-іс, 77-81-п. және басқалар.
8. Островский З. Турксиб. М., 1930, 21-б.; Дахшлейгер Г.Ф. Турксиб – первенец социалистической индустриализации: (Очерки истории постройки Турксиба). А.-А., 1953, 43-48-б.
9. Асылбеков М.Х. Турар Рыскулов и М.Тынышпаев на Турксибе // Отан тарихы, 2000, № 1-2, 114-б.
10. Народное хозяйство Казахстана за 40 лет. Стат. сб. А.-А., 1960, 221-б.
11. Транспорт и связь СССР. Стат. сб. М., 1972, 246-б.

ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫ ҮШІН КАДРЛАР ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Автор: Улт Март

Ұйым/ЖОО: БГТК колледжі

Электронды пошта: meiramm88@mail.ru

Кіріспе

Қазіргі кезеңде көлік және логистика инфрақұрылымы ел экономикасының тұрақты дамуының негізгі факторларының бірі болып отыр. Әсіресе, теміржол саласы — өндірістік және сауда қатынастарының өзегін құрайтын күрделі әрі стратегиялық маңызы зор жүйе. Қазақстан Республикасының географиялық орналасуы – Еуразия құрлығының ортасында, Қытай мен Еуропаны байланыстыратын көпір ретіндегі рөлі теміржол көлігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды талап етеді. Бұл өз кезегінде, **теміржол саласы үшін жоғары білікті, инновациялық ойлау қабілеті бар кадрларды даярлау** қажеттілігін алға тартады. Дегенмен қазіргі таңда бұл бағытта бірқатар мәселелер бар: оқу

бағдарламаларының ескіруі, өндіріс пен білім беру арасындағы байланыс әлсіздігі, цифрландыру деңгейінің жеткіліксіздігі, жастардың техникалық мамандықтарға қызығушылығының төмендігі және т.б. Осыған байланысты, теміржол саласы мамандарын даярлаудың жаңа әдістері мен тәсілдерін қарастыру – уақыт талабы.

1. Теміржол саласындағы кадр даярлаудың қазіргі жағдайы

Қазақстан темір жолы (ҚТЖ) ұлттық компаниясы және оған қарасты кәсіпорындар елдегі ең ірі жұмыс берушілердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары компания кадр саясатын жаңғыртуға, цифрлық технологиялар мен автоматтандыру элементтерін енгізуге ерекше көңіл бөлуде. Алайда бұл процестің тиімділігі білім беру жүйесінің сапасына тікелей байланысты.

Көптеген жоғары оқу орындары мен колледждерде теміржол көлігі мамандықтары бойынша оқыту бағдарламалары әлі күнге дейін дәстүрлі әдістерге негізделген. Теориялық білім басым, ал тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру деңгейі жеткіліксіз. Сонымен қатар, өндірістік практикалар мен дуалды оқыту элементтерін енгізу барлық оқу орындарында бірдей жүзеге аспайды.

Мысалы, «Локомотив машинисі», «Теміржол көлігі инженері», «Автоматтандыру және телемеханика» сияқты бағыттарда заманауи тренажерлар, виртуалды зертханалар мен модельдеу жүйелері жеткіліксіз. Бұл өз кезегінде түлектердің өндіріс талаптарына бейімделуін баяулатады.

2. Заманауи кадр даярлау тәсілдері

Теміржол саласында кадрлар даярлаудың инновациялық тәсілдері әлемдік тәжірибеге сүйене отырып енгізілуде. Олардың ішінде келесі бағыттарды атап өтуге болады:

2.1. Дуалды оқыту жүйесі

Дуалды оқыту жүйесі – білім алушының теорияны оқу орнында, ал тәжірибені нақты кәсіпорында меңгеруін көздейді. Бұл тәсіл Германия, Оңтүстік Корея, Ресей сияқты елдерде кеңінен қолданылады. Қазақстанда да соңғы жылдары «ҚТЖ» АҚ мен колледждер арасында дуалды бағдарламалар енгізіліп келеді.

№ Бағыт	Серіктес кәсіпорын	Практика мерзімі
1 Машинистерді даярлау	«Локомотив сервис орталығы»	3–6 ай
2 Автоматтандыру және телемеханика	«Теміржол автоматикасы» ЖШС	2 ай
3 Логистика және тасымалдау	«KTZ Express»	1 ай

2.2. Цифрлық оқыту платформалары

Қазіргі кезде теміржол саласы қызметкерлері үшін онлайн оқыту жүйелерін дамыту өзекті. «E-learning», «Coursera», «OpenRailAcademy» сияқты платформалар арқылы кәсіби

қайта даярлау курстары ұйымдастырылады. Бұл тәсіл аймақтық оқу орталықтарынан шалғай орналасқан мамандар үшін өте тиімді.

2.3. Симуляциялық және виртуалды модельдеу

3D-тренажерлар мен виртуалды зертханалар арқылы машинистер мен диспетчерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға болады. Мұндай модельдеу жүйелері қателікке жол бермей, нақты жұмыс жағдайына жақын тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

3. Негізгі проблемалар

1. **Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі.** Көптеген оқу орындарында заманауи жабдықтар мен симуляциялық құрылғылар жоқ.
2. **Оқу бағдарламаларының ескіруі.** Бағдарламалар нарық талаптарына сай келмейді.
3. **Кәсіпорындармен байланыс әлсіз.** Өндірістік практика мен жұмысқа орналастыру жүйесі толық реттелмеген.
4. **Кадрлардың қартаю мәселесі.** Тәжірибелі мамандар зейнет жасына жетіп, жас кадрлардың орнын басуы баяу жүруде.
5. **Жастардың қызығушылығының төмендігі.** Техникалық мамандықтар беделі төмендеп, IT мен менеджмент салаларына басымдық берілуде.

4. Даму перспективалары және ұсыныстар

Теміржол саласы үшін кадр даярлаудың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізу қажет:

1. **Оқу бағдарламаларын жаңарту.** Оларды цифрландыру, жасанды интеллект, автоматтандыру элементтерімен толықтыру.
2. **Кәсіпорындармен интеграция.** Университеттер мен колледждер өндірістік орталықтармен тікелей әріптестік орнатуы тиіс.
3. **Цифрлық инфрақұрылым құру.** Онлайн тренажерлар мен аралас оқыту жүйелерін енгізу.
4. **Халықаралық тәжірибені енгізу.** Еуропа мен Азияның жетекші теміржол оқу орталықтарымен бірлескен бағдарламалар құру.
5. **Жастар саясатын жетілдіру.** Теміржол саласындағы мамандықтарды насихаттау, гранттар мен шәкіртақыларды арттыру.

Инновациялық шешім	Артықшылығы	Нәтижесі
Дуалды оқыту	Практикалық дағды артады	Жұмысқа орналасу деңгейі жоғары
Виртуалды тренажер	Қауіпсіздік сақталады	Қателік пайызы азаяды
Онлайн курс	Қолжетімділік кеңейеді	Қайта даярлау жеңілдейді

Қорытынды

Теміржол саласындағы кадрлық әлеуетті дамыту – ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды факторы. Қазіргі заман талабына сай мамандарды даярлау үшін білім беру мен өндіріс арасындағы өзара ықпалдастықты

күшейту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу және инновациялық оқыту әдістерін қолдану қажет.

Болашақта теміржол саласы тек механикалық басқаруға емес, интеллектуалды жүйелер мен автоматтандырылған процестерге негізделетін болады. Сондықтан бүгінгі оқу орындары тек техникалық білім беріп қана қоймай, **шығармашылық ойлауы бар, цифрлық сауатты, жауапты мамандарды** қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. «ҚТЖ» ҰК АҚ жылдық есебі, 2024 ж.
3. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі. Теміржол көлігін дамыту тұжырымдамасы (2023–2030).
4. Duisenberg, P. *Modern Railway Training Systems*. – Springer, 2022.
5. Nazarbayev University. *Transport and Logistics Education Review*, 2023.
6. OECD. *Skills and Jobs in the Transport Sector*, Paris, 2021.

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ С СОЦИАЛЬНЫМИ ПАРТНЕРАМИ – ОСНОВА УСПЕШНОГО РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

Кантарбаева В.М.

КГКП «Электротехнический колледж» г.Семей

Взаимодействие с социальными партнерами колледжа осуществляется на основе договоров о подготовке кадров. Колледж и предприятия-партнеры тесно сотрудничают в таких вопросах как организация практики студентов, проведение экскурсий на производстве, согласование учебных планов, участие инженеров в проведении бинарных уроков в колледже или на производстве, конкурсов профессионального мастерства, спонсирование внеклассных мероприятий, работа в составе аттестационных экзаменационных комиссий, в качестве руководителей и рецензентов дипломных проектов студентов.

Ежегодно студенты вместе с преподавателями специальных дисциплин посещают предприятия, осуществляющие перевозки или имеющие внутренние железнодорожные линии: ГКП «Теплокоммунэнерго», ТОО «Темир транс», ТОО «ПК Цементный завод Семей», Семейское локомотивное эксплуатационное депо, станцию Семей филиал АО «КТЖ-Грузовые перевозки», станцию Жана-Семей филиал АО «КТЖ-Грузовые перевозки», Семейскую дистанцию сигнализации и связи Филиала АО «НК КТЖ» Семейскую дистанцию электроснабжения Филиала АО «НК КТЖ» Семейского отделения магистральной сети.

Работники предприятий

Инженерно-технические работники социальных партнеров принимают участие в работе аттестационных экзаменационных комиссий, в качестве руководителей и рецензентов дипломных проектов студентов:

1. Масанова Г.К. - инженер по охране труда Филиала АО «КТЖ- Грузовые перевозки» «Семейское отделение Грузовых перевозок»

2. Рысакова Г.О. - ведущий инженер отдела организаций и условий перевозок Филиала АО «КТЖ- Грузовые перевозки» «Семейское отделение Грузовых перевозок»

3. Садырбаева З.Т. - ведущий инженер оперативно-распределительного отдела филиала АО «КТЖ Грузовые перевозки» «Семейское отделение грузовых перевозок»

4. Каримханов Б.Н. – главный инженер ст.Семей

Рынок труда требует от нынешних выпускников профессионализма и мобильности. Приказом директора создана служба содействия трудоустройству выпускников. Основной деятельностью службы содействия трудоустройства выпускников является:

- Сотрудничество с предприятиями и организациями, выступающими в качестве работодателей для обучающихся;
- Оказание помощи мастерам производственного обучения в организации учебной и производственной практики, предусмотренной учебным планом;
- Взаимодействие с местными органами власти, в том числе с территориальными органами государственной службы занятости населения, общественными организациями и объединениями, заинтересованными в улучшении положения выпускников на рынке труда;
- Сбор, обобщение, анализ и предоставление обучающимся информации о состоянии и тенденциях рынка труда, о требованиях, предъявляемых к соискателю рабочего места;
- Формирование банка данных вакансий, предлагаемых работодателями по соответствующим специальностям;
- Участие в мероприятиях, проводимых заказчиками и потребителями образовательных услуг (ярмарки вакансий; дни открытых дверей и т.д.);
- Составление базы данных по студентам выпускных групп;
- Организация и проведение мероприятий по направлению выпускников на работу;
- Сбор, обработка и анализ информации по вопросам результативности трудоустройства выпускников;
- Разработка предложений по вопросам трудоустройства выпускников.

Вместе с социальными партнерами мы стараемся решать вопросы трудоустройства наших выпускников.

Осуществление взаимодействия с социальными партнерами позволяет решить вопросы трудоустройства выпускников, обеспечить контроль за качеством их подготовки, прогнозировать потребность в специалистах тех

или иных профессий, а также совершенствовать содержание программ в соответствии с требованиями современного производства.

Выпускники нашего колледжа по специальностям железнодорожного профиля устраиваются на работу на предприятиях после прохождения практики, что говорит о востребованности специалистов, которых готовит колледж. Это такие предприятия как: ТОО «Семипалатинская транспортная компания», Филиалы АО «КТЖ-Грузовые перевозки» станции Нурлы -Жол Астана, Семей, Жана- Семей, Защита, Дегелен, Суык-булак, Шар, Аягоз, Актогай, Сары- Озек, Достык.

Считаем, что укрепление партнёрских связей с работодателями, внедрение в учебный процесс современных технологий и методик будет способствовать обновлению содержания технического и профессионального обучения и подготовке выпускников к эффективному поведению на рынке труда.

Во время формирования рыночных отношений нашему обществу нужны квалифицированные специалисты, способные к реализации своих потенциалов, стремящиеся к повышению собственной компетентности. Производственная практика является основной формой социального партнерства. Первая встреча студентов колледжа с рабочей обстановкой, технологическими процессами, оборудованием происходит при проведении практики на предприятиях. Производственная практика – самая продолжительная практика и является завершающим этапом в процессе освоения профессиональных навыков и достижения высокого профессионального мастерства.

Во время производственной практики происходит формирование, совершенствование, отработка качеств, соответствующих квалификационной характеристике специалиста, поэтому целью производственной практики является завершение производственного обучения и подготовка будущих специалистов, а также подготовка и адаптация их к самостоятельной работе, к режиму работы на конкретном предприятии.

Совместная работа приводит к повышению качества подготовки специалистов, усиливается заинтересованность студентов и их родителей в освоении профессии.

Уже на стадии прохождения практики мы можем оценить знания студентов, помочь им стать настоящими специалистами, направляем их на поиск рациональных путей в организации их будущей профессиональной деятельности.

На производстве мы прикрепляем к студентам наставников, которые делятся с ними знаниями, навыками, тонкостями своего дела.

Железная дорога является одной из самых значимых и стратегически важных сфер экономики. Поэтому мы в нашей отрасли, также как и в других

сферах, активно внедряем новые технологии , стремимся идти в ногу со временем, чтобы обеспечить качество перевозок. Это требует от всех нас высокого уровня взаимодействия , так как выгода очевидна для всех- для нас как получающих качественных специалистов, для колледжа- трудоустройства выпускников, для самих выпускников- стабильную работу и заработок.

Список используемой литературы:

1. Концепция развития транспортно-логистического потенциала Республики Казахстан до 2030 года от 30 декабря 2022 года № 1116
2. Закон республики Казахстан «о техническом и профессиональном образовании»
3. Правила организации дуального обучения МОН РК от 21 января 2016 года № 50

Адаптация и наставничество работников рабочих профессий, и развитие кадрового потенциала предприятий железнодорожной отрасли

Макымбаева Актокты Ораковна, Амантай Салима Ерболкызы
ТОО «Транспортный колледж АЛТАстана им.М.Тынышпаева»

Слайд 1. Ценности компании

Руководствуясь своими принципами, одной из важнейших ценностей предприятие считает команду сотрудников. Обучение персонала должно быть системным и непрерывным. Сохранить уникальные знания и бесценный опыт специалистов старшего поколения, сокращая при этом время адаптации новых сотрудников, позволит эффективно работающая система наставничества.

Этим и обусловлена актуальность выбранной темы.

Вовлечение всего коллектива предприятия в реализацию практики наставничества;

- Высокий уровень социальной ответственности и авторитета наставников;
- Высокая мотивация наставников и совершенствование их профессионального мастерства;
- Преемственность наставничества (подопечный сам становится наставником);
- Стремление наставляемых к профессиональному росту и развитию;
- Последующий карьерный рост на предприятии. Руководствуясь своими принципами, одной из важнейших ценностей предприятие считает команду сотрудников. Обучение персонала должно быть системным и непрерывным. Сохранить уникальные знания и бесценный опыт специалистов старшего

поколения, сокращая при этом время адаптации новых сотрудников, позволит эффективно работающая система наставничества.

Таким образом, цифровые технологии становятся неотъемлемой частью современного образования, особенно в системе профессиональной подготовки. Использование тренажеров-симуляторов и VR-технологий в обучении машинистов электровозов позволяет значительно повысить эффективность учебного процесса, сделать его более наглядным, безопасным и приближенным к реальным условиям работы. Эти инновации формируют у обучающихся практические навыки, развивают ответственность, внимание и способность принимать решения в нестандартных ситуациях.

Внедрение цифровых решений в образовательный процесс соответствует стратегии цифровизации Казахстана и мировым тенденциям развития. Несмотря на существующие сложности — высокую стоимость оборудования, необходимость подготовки специалистов и методического сопровождения, — преимущества цифровых технологий очевидны. Они открывают новые возможности для качественной подготовки будущих профессионалов и создают фундамент для дальнейшего развития современной образовательной среды.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ахметова Гүлжібек Картаявна

Астана қаласы«Жоғары көлік және коммуникация колледжі»

Қазіргі заманғы білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қолданысы маңызды рөл атқарады. Электронды оқулықтар – білім беру сапасын жақсартуға бағытталған инновациялық құралдардың бірі. Қазақ тілі пәнінде электронды оқулықтарды қолдану оқушылардың білім алуын жеңілдетіп, сабақтың тиімділігін арттыра алады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) маңызды орынға ие болды. Олардың ішінде электронды оқулықтар – оқыту үрдісін жеңілдететін және тиімдірек ететін инновациялық құралдар. Қазақ тілі сабағында электронды оқулықтарды қолдану студенттердің пәнге қызығушылығын арттырып, тіл үйрену процесін жандандырады. Осы баяндамада электронды оқулықтардың қазақ тілі сабақтарында қолданылу тиімділігі қарастырылады.

Электронды оқулық – бұл компьютерлік және мобильді құрылғыларда қолданылатын, мәтін, аудио, видео материалдармен толықтырылған оқу құралы. Ол дәстүрлі қағаз оқулықтарға қарағанда интерактивті, көп ақпараттық мүмкіндіктерге ие.

Электронды оқулық – бұл компьютер, планшет, смартфон секілді құрылғыларда қолданылатын оқу құралы. Ол дәстүрлі қағаз оқулықтан айырмашылығы – интерактивтілігімен, мультимедиялық (сурет, видео, аудио) материалдармен толықтырылуымен ерекшеленеді. Бұл құрал оқушыларға материалды әр түрлі форматта қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім беру саласында технологияларды қолдану маңызы артып келеді. Электронды оқулықтар – білім беру процесін жаңаша ұйымдастырудың тиімді құралдарының бірі. Олар қазақ тілі сабақтарында оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға, білім алу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл баяндамада қазақ тілі сабақтарында электронды оқулықтарды қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Қазақ тілі сабақтарында электронды оқулықтардың артықшылықтары

- Интерактивтілік: студенттер мәтінді тыңдау, жазу және түсіну дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.
- Қолжетімділік: Оқулықтарды кез келген уақытта және жерде пайдалануға болады.
- Мультимедиялық материалдар: Суреттер, видеолар, дыбыстар арқылы оқу процесін қызықты етеді.
- Жеке жұмыс пен топтық жұмысқа ыңғайлы: Студенттер өз деңгейіне сәйкес тапсырмаларды орындай алады.
- Оқыту сапасын арттыру: Тексеру, бағалау функциялары арқылы студенттердің білім деңгейін нақты анықтауға болады.

Электронды оқулықтарды қолданудың тиімділігі өте жоғары.

Көрнекілік пен интерактивтілік: Мультимедиялық материалдар студенттерге ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді.

Жеке тұлғаға бағытталған оқу: Әр студент өз темпімен оқи алады, қайталама жаттығуларды орындауға мүмкіндік бар.

Білімді жедел және сапалы меңгеру: Қиын тақырыптар визуалды түрде ұсынылады.

Қолданудың қолайлылығы: Электронды оқулықтарды кез келген уақытта және жерде қолдануға болады.

Студенттердің шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту: Мультимедиялық тапсырмалар арқылы студенттердің ойлау дағдылары артады.

Интерактивтілік: Студенттер электронды оқулық арқылы мәтінді тыңдап, оқып, тапсырмалар орындай алады. Бұл тіл дағдыларын кешенді дамытуға септігін тигізеді.

Қолжетімділік: Электронды оқулықтар интернет немесе офлайн режимде қолжетімді, сондықтан студент үйде де, сыныпта да білім ала алады.

Мультимедиялық материалдар: Видеосабақтар, аудиожазбалар мен анимациялар арқылы тілдің фонетикасы мен сөздік қорын тиімді үйретуге болады.

Жеке және топтық жұмыс: студенттер деңгейіне сай тапсырмалармен жұмыс істей алады, бұл олардың білімін тереңдетуге көмектеседі.

Білімді бақылау: Электронды оқулықта тесттер мен автоматты бағалау жүйелері бар, олар оқу процесін бақылауға және нәтижесін жылдам анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданудың тиімділігін арттыру жолдары

Электронды оқулықтарды тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің АКТ дағдыларын дамыту қажет. Сабақ жоспарында электронды құралдарды дұрыс интеграциялау керек. Сонымен қатар, мектептерде техникалық база мен интернеттің сапалы болуы маңызды. Студенттерге технологияны пайдалану ережелері мен әдістерін үйрету керек.

Қазақ тілі сабақтарында электронды оқулықтарды қолдану білім сапасын жақсартып, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бұл құрал оқу процесін интерактивті, қолжетімді және нәтижелі етеді. Сондықтан мұғалімдерге АКТ-ны тиімді пайдаланып, электронды оқулықтарды кеңінен енгізу ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов, С. К. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Бекмұхамбетова, Г. Т. Қазақ тілін оқытуда электронды оқулықтардың рөлі. Астана: Білім, 2019.
3. Қожабергенова, Ә. А. Қазақ тілін оқытуда мультимедиялық құралдардың тиімділігі. Шымкент, 2017.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ЖӘНЕ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Даулеткелдинова С. Н.
Сарепова М. Д.

Алматы көлік және коммуникациялар колледжі

Қазіргі заман – цифрландыру дәуірі. Технологиялық дамудың қарқыны әрбір қоғам мүшесінің өмір салтына, еңбек үдерісіне, ойлау жүйесіне, кәсіби біліктілігіне елеулі өзгерістер енгізіп отыр. Цифрлық экономиканың дамуы өндіріс, көлік, логистика, білім беру, медицина сияқты барлық салаларда жаңа үрдістердің қалыптасуына себеп болды. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби-техникалық білім беру жүйесін цифрландыру және теміржол көлігіндегі заманауи цифрлық технологияларды меңгеру – ұлттық экономиканың инновациялық әлеуетін арттырудың басты факторы болып табылады [1, 2].

Кәсіптік білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік және экономикалық сұраныстарын қанағаттандыруда стратегиялық рөл атқарады. Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыты мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында колледждер мен техникалық оқу орындары жаңа технологиялық стандарттарға бейімделіп, цифрлық сауатты, заманауи ойлайтын білікті маман даярлауға бет бұрды. Теміржол көлігі – инфрақұрылымдық жүйенің күретаымыры, экономиканың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін стратегиялық сала. Бұл саладағы өндірістік үдерістердің қауіпсіздігі мен жылдамдығы, тасымалдау сапасы мен еңбек өнімділігі цифрлық технологияларды тиімді қолдануға тікелей байланысты [3, 4, 5].

Бүгінгі таңда теміржол саласында цифрландыру – тек техникалық жаңғырту емес, басқару мәдениетін, кадрлық саясатты және кәсіби даярлық жүйесін түбегейлі өзгертуді көздейтін кешенді процесс. Теміржол көлігінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін автоматтандырылған басқару жүйелері, интеллектуалды логистикалық платформалар, цифрлық модельдеу және деректерді талдау технологиялары қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. Сондықтан колледждер мен техникалық оқу орындарының алдында – осы жаңа жағдайларға бейімделген,

цифрлық дағдылары жоғары, жауапкершілігі мол кәсіби маман даярлау міндеті тұр [6].

Кәсіптік білім беруде цифрлық технологияларды енгізудің басты мақсаты – оқыту сапасын арттыру, білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын нақты өндірістік ортаға жақындату және заманауи еңбек нарығына бейімдеу. Оқыту процесінде цифрлық платформаларды, виртуалды зертханаларды, интерактивті модельдеу жүйелерін, бейне нұсқаулықтарды және автоматтандырылған тестілеу құралдарын пайдалану – студенттің кәсіби ойлау қабілетін дамытады [7]. Әсіресе теміржол мамандықтары бойынша оқитын студенттер үшін бұл тәсілдер ерекше маңызға ие, өйткені теміржолдағы күрделі процестерді тек теориялық тұрғыда емес, нақты цифрлық ортада модельдеу арқылы меңгеру тиімді нәтиже береді.

Мысалы, теміржол көлігінде «цифрлық егіз» (digital twin) технологиясын енгізу – өндірістік объектілердің виртуалды көшірмесін жасау арқылы олардың жұмысын бақылауға және ақаулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Осындай жүйелердің жұмысын түсіну және олармен жұмыс істеу үшін студенттерге компьютерлік модельдеу, бағдарламалау, автоматтандыру және деректерді талдау негіздерін меңгеру қажет. Бұл мақсатта колледждерде арнайы виртуалды тренажерлар, онлайн зертханалар, AR және VR технологиялары қолданыла бастады. Мұндай құралдар болашақ теміржолшыларды нақты өндіріс жағдайына барынша жақындатылған тәжірибелік ортада оқытуға мүмкіндік береді [8].

Сонымен қатар, теміржол саласындағы цифрлық трансформация ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ), интернет заттар жүйесін (IoT), үлкен деректерді (Big Data) және жасанды интеллектіні (AI) пайдалануды талап етеді. Мысалы, қозғалыс кестесін автоматты түрде реттеу жүйелері пойыз қозғалысын оңтайландырып, жанармай шығынын азайтады және жүк тасымалының қауіпсіздігін арттырады. Деректерді талдау арқылы техникалық ақаулардың пайда болу ықтималдығы алдын ала есептеліп, жөндеу жұмыстарының тиімділігі артады [9]. Мұндай процестердің барлығын жүзеге асыру үшін жоғары деңгейлі сандық сауаттылық пен инженерлік ойлау қажет.

Кәсіптік білім беру жүйесі осындай міндеттерге жауап беру үшін жаңа цифрлық педагогикалық экожүйе қалыптастыруы тиіс. Бұл экожүйе үш негізгі компоненттен тұрады:

Цифрлық инфрақұрылым – колледждің техникалық базасы, компьютерлік жабдықтар, желілік жүйелер және оқу процесін қолдайтын бағдарламалық қамтамасыз ету;

Цифрлық мазмұн – оқу материалдарын онлайн форматта ұсыну, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық ресурстар дайындау, интерактивті курстар мен тренингтер ұйымдастыру;

Цифрлық құзыреттілік – оқытушылар мен студенттердің АКТ-ны кәсіби қызметінде тиімді пайдалану қабілеті.

Теміржол саласындағы мамандарды даярлауда цифрлық технологияларды қолдану оқыту процесін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Мысалы, «Теміржол қозғалысын басқару», «Локомотив шаруашылығы», «Сигнализация және байланыс жүйелері» сияқты пәндерде интерактивті модельдер мен симуляциялық бағдарламалар қолданылғанда студенттер тек теорияны жаттап қана қоймай, нақты жағдайды талдап, шешім қабылдауды үйренеді. Бұл тәсіл болашақ мамандардың критикалық ойлау, инженерлік логика, операциялық жауапкершілік сияқты кәсіби қабілеттерін дамытады [10].

Цифрлық технологиялар сонымен бірге оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Learning Management System (LMS) сияқты онлайн платформалар студенттердің оқу нәтижелерін бақылауға, жеке оқу траекториясын қалыптастыруға және оқытушы мен студент арасындағы кері байланысты нығайтуға жағдай жасайды. Оқытушылар электронды журналдар мен тестілеу жүйелерін пайдалана отырып, оқу нәтижелерін нақты және объективті бағалай алады.

Бүгінгі күні теміржол саласында еңбек ететін мамандарға қойылатын талаптар күрделене түсті. Цифрландырудың әсерінен жаңа кәсіптер пайда болуда: локомотивтерді қашықтан басқару операторы, жасанды интеллект жүйелерін бақылаушы, интеллектуалды логистика инженері, деректер талдаушысы, техникалық мониторинг инженері сияқты мамандықтар қалыптасты [11]. Бұл бағыттарда жұмыс істеу үшін колледж студенттері тек техникалық біліммен ғана емес, сонымен қатар цифрлық технологиялар саласындағы базалық біліммен қарулануы қажет.

Кәсіптік білім беру жүйесінде цифрлық трансформацияны табысты жүзеге асыру үшін оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру аса маңызды. Оқытушы цифрлық технологияларды меңгеріп қана қоймай, оларды педагогикалық мақсатта қолданудың тиімді жолдарын білуі тиіс. Мысалы, интерактивті сабақтарда цифрлық модельдеу құралдарын қолдану, виртуалды зертханаларда тәжірибелер жүргізу, онлайн жобалық жұмыстар ұйымдастыру – студенттің белсенділігін арттырып, білім сапасын едәуір жоғарылатады.

Сонымен бірге, цифрлық технологиялар академиялық дербестікті және студенттің өзіндік оқуын дамытуға жол ашады. Онлайн курстар, вебинарлар, цифрлық симуляторлар студентке жеке қарқынмен оқуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл кәсіби білім беруді дербестендіру мен икемді етуге ықпал етеді.

Теміржол көлігінде цифрлық технологияларды енгізу өндірістік қауіпсіздікті арттыруға және адам факторының ықпалын азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, автоматты пойыз қозғалысын басқару жүйелері (АТС), спутниктік бақылау, бейнеаналитика, интеллектуалды сенсорлар – машинистердің жұмысын жеңілдетіп, апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялардың жұмыс істеу принципін түсіну үшін студенттер арнайы тренингтер мен тәжірибелік сабақтарда оларды нақты модельдер арқылы зерттейді [12].

Кәсіптік білім беруде цифрлық технологияларды қолдану тек оқу процесін жаңарту емес, ол – өндіріс пен білім арасындағы байланысты күшейту құралы. Колледждер мен өндіріс орындары арасындағы «дуальды оқыту» жүйесі осы тұрғыдан ерекше мәнге ие. Дуальды жүйеде студент теорияны колледжде меңгеріп, ал практикалық дағдыларын цифрландырылған өндіріс алаңдарында жетілдіреді. Бұл әдіс түлектердің еңбек нарығына тез бейімделуіне және заманауи теміржол саласының талаптарына сәйкес болуына мүмкіндік береді [13, 14].

Қорытындылай келе, цифрлық технологияларды кәсіптік білім беру мен теміржол көлігінде тиімді пайдалану – Қазақстанның инновациялық дамуының кепілі. Бұл бағыттағы негізгі мақсат – заманауи технологияларды игерген, инженерлік және цифрлық ойлауы қалыптасқан бәсекеге қабілетті маман даярлау. Колледж оқытушылары мен инженер-педагогтардың міндеті – студенттерді тек біліммен ғана емес, сонымен қатар технологиялық мәдениетпен, цифрлық жауапкершілікпен және кәсіби этикамен қаруландыру.

Болашақ теміржолшылардың сандық сауаттылығы – олардың еңбек өнімділігінің, кәсіби қауіпсіздігінің және өндіріс тиімділігінің негізгі көрсеткіші. Сондықтан цифрлық педагогика қағидаттарын енгізу, жаңа буын бағдарламалық құралдарды пайдалану, STEM және инженерлік бағыттағы жобалық оқытуды дамыту – кәсіптік білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттері болып қала береді.

Қазіргі заман талабына сай білім беру цифрлық экономиканың қозғаушы күші болуға тиіс. Осы тұрғыда колледждер мен техникалық оқу орындары еліміздің инновациялық келешегін қамтамасыз ететін негізгі әлеуметтік институт ретінде өз рөлін күшейтіп келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: Әділет министрлігі, 2023.
2. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы». – Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2024.\
3. ҚР Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. *Қазақстан халқына Жолдау: «Әділетті Қазақстан – бәріміз үшін және әрқайсымыз үшін»*. – Астана, 2023.
4. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. – Астана: ҚР Үкіметі, 2018. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: <https://primeminister.kz/assets/media/tsifrly-azastan.pdf>
5. «Қазақстан темір жолы: ақпараттық және цифрлық технологиялар дәуірінде». – Rail-News.kz, 01.06.2021. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: <https://rail-news.kz/kz/digitalization/8829>

6. «ҚТЖ мен Huawei: Қазақстан темір жолдарының цифрлық трансформациясы қалай жүріп жатыр». – Inform.kz, 2023. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: <https://kaz.inform.kz/news/ktzh-i-huawei-kazakstan-temir-zholdarinin-tsifrlik-transformatsiyasi-kalay-zhurp-zhatir-3a392e>
7. «2030 жылға дейін теміржол көлігін дамыту тұжырымдамасы». – KT.kz, 2023. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: https://www.kt.kz/kaz/state/2030_zhyl_a_deyin_temirzhol_k_ligin_da_mytu_t_zhyrymdamasy_1377966492.html
8. Сатбаев университеті. Білім беру бағдарламасы: 6B11310 «Цифрлық логистика». – 2023–2024 оқу жылы. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: <https://official.satbayev.university>
9. ALT University. Білім беру бағдарламасы 6B07128 – Темір жол және жүк жолаушылар тасымалы. – Астана, 2023. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: <https://alt.edu.kz>
10. OECD. *Digital Education Outlook 2023: Paving the Way for Smart Learning*. – Paris: OECD Publishing, 2023.
11. UNESCO. *Transforming Technical and Vocational Education and Training for the Digital Era*. – Paris: UNESCO, 2022.
12. Sarp, S., Kuzlu, M., Jovanovic, V., Polat, Z., & Guler, O. *Digitalization of railway transportation through AI-powered services: Digital twin trains*. European Transport Research Review, 16, Article 58 (2024).
13. Rimskaya, O.N., Parkhaev, A.A., & Chomova, N.A. *Digital Transformation Strategy: Digital Competencies Of A Railway Engineer*. Strategic Decisions and Risk Management, vol. 13(3) (2022).
14. Kovalchuk, V., Kovalchuk, A., Vovk, B., Derevyanchuk, O., & Rozhkov, O. *Model of Digitalization Professional Training of Future Vocational Education Teachers*. ETR (Environment. Technology. Resources), Vol. 3 (2025).

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ЖҮРІС БӨЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ
МЕРЗІМІНЕ ШПАЛ КОНСТРУКЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛЫНЫҢ ӘСЕРІ

**Сайранкок Бота, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
арнайы пәндер оқытушысы**

*Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі»
ШЖҚ МКК*

Тақырыптың өзектілігі. Теміржол көлігінде қозғалыс қарқындылығының артуы жүріс бөлігі элементтерінің ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етуді талап етеді. Әсіресе, доңғалақ жұптарының мойынтіректеріне түсетін динамикалық жүктемелер шпал конструкциясының материалына тікелей байланысты. Сондықтан шпал материалының жүріс бөлікке әсерін зерттеу – өзекті ғылыми мәселе.

Зерттеудің негізгі мақсаты – шпалдардың қаттылығы мен серпімділігі теміржол көлігінің жүріс бөлігінің қызмет ету мерзіміне қалай әсер ететінін анықтау. Бұл бағытта біз, ең алдымен, мойынтіректердің жұмыс режимін, олардың температуралық және механикалық тозу себептерін, сондай-ақ жол шпалдарының материалдық ерекшеліктерін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттедік.

Мәселенің өзектілігі


Темір жол көлігінде жүріс бөлігі — ең көп жүктеме түсетін және тозуға ұшырайтын бөліктердің бірі. Оның ішінде мойынтіректер — дөңгелек жұптарындағы негізгі күшті қабылдайтын және қозғалысқа тікелей қатысатын маңызды түйін. Мойынтіректердің жұмысқа жарамдылығы көбінесе олар орналасқан конструкцияның қаттылығына, жылу алмасу жағдайларына, және майлау мүмкіндіктеріне байланысты[1,3].

Мойынтіректердің тозу себептері ішінде ең жиі кездесетіні – абразивті тозу, яғни бөлшек бетінің қатты бөлшектермен әрекеттесуі нәтижесінде бұзылуы. Майлаудың жетіспеушілігі де температураны арттырып, мойынтірек ресурсын азайтады. AISI 52100, 440C, M50 сияқты болат түрлерінің жұмыс температуралары 160-320°C аралығында болғанымен, 200°C-тан асқан кезде қаттылық күрт төмендейді[6].

Зерттеудің тәжірибелік бөлігі

Зерттеудің практикалық бөлімінде Ansys бағдарламасы арқылы әртүрлі шпал түрлері қолданылған жағдайда мойынтіректің жылу режимі модельденді. Екі түрлі шпал конструкциясы — темірбетон шпал және базальтты композитті шпал – салыстырмалы түрде зерттелді.


Ansys бағдарламалық кешенін қолдана отырып, мойынтіректің температуралық режимін анықтау



1- *сурет.* Темірбетон шпалы қолданылған

– Темірбетон шпалмен жүргізілген модельдеу нәтижесінде, мойынтірек температурасы 80°C-тан 114°C-қа дейін көтерілді.

– Базальт шпал қолданылған жағдайда температура 60°C-тан 103°C-қа дейін көтерілді. Яғни, шамамен 10°C-қа төмен, бұл — мойынтіректердің жұмысын тиімді етуге мүмкіндік береді[7].



2-сурет. Базальт шпалды констукция

Базальт шпалдардың артықшылықтары:

- Жоғары серпімділік және жарыққа төзімділік;
- Жылуға, ылғалға, коррозияға төзімділік;
- Жеңіл салмақ (темірбетонмен салыстырғанда);
- Электр оқшаулау қасиеттері жақсы.

1 кесте. Шпалдар туралы салыстырмалы мәліметтер

Шпал түрі	Ұзындығы	Салмағы	Қызмет мерзімі	Артықшылықтары
Ағаш	2.75 м	85 кг	~15-25 жыл	Серпімді, жеңіл
Темірбетон	2.7 м	250 кг	~30 жыл	Тұрақты, мықты
Базальт композит	2.6-2.7 м	90-130 кг	~30-40 жыл	Жеңіл, берік, жылу/суға төзімді

Ал екінші жағдайда біз базальт шпалды констукция қолданып сынақ жүргіземіз бұл жерде мойынтіректің температурасы 60 С –тан 103 дейін көтерілгенін байқауға болады. Үйкеліс төсемінің тозуы және оның температуралық режимі сияқты маңызды параметрлерді диагностикалау мойынтіректің жұмыс процестерінің оңтайлы ағымын қамтамасыз етуге, демек, доңғалақты жылжымалы құрамның жүріс бөлігін оңтайландыруға көмектеседі[3,4].

Ұсыныстар

- Темірбетон шпалдарын икемділігі жоғары, бірақ жеңіл базальт талшықтарымен күшейтілген композиттік шпалдарға ауыстыру;
- Мойынтірек жүйесінің температуралық режимін тұрақтандыру үшін шпал материалын оңтайландыру;
- Үйкелісті азайту арқылы доңғалақ жұптарының қызмет ету мерзімін арттыру.

Қорытынды

Жүріс бөлігінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін мойынтіректердің жоғары температураға және тозуға төзімділігі аса маңызды. Бұл ғылыми мақалада көрсетілгендей, шпал конструкциясының материалы — мойынтіректердің температуралық және механикалық жүктемесіне тікелей әсер етеді.

Осы зерттеу нәтижесінде базальт талшықтарымен арматураланған шпалдар – болашақта темір жол инфрақұрылымын жетілдіруде маңызды рөл атқаруы мүмкін деген қорытындыға келдік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иродов Р.Д. Критерии продольной устойчивости экраноплана // Ученые записки ЦАГИ, 2015. Т. 1. № 4. С. 63-72.
2. Белецкая С.Б. Оптимизация конструктивных параметров несущих гидродинамических комплексов скоростных судов : дис. ... канд. техн. наук. Нижний Новгород, 2016. 188 с.
3. Экономическое обоснование технических и организационных решений в дипломных проектах: метод. указания / сост. Т.Е. Дашкова, В.А. Шабалина. – Екатеринбург, 2015. – 46 с.
4. Қазақстан Республикасының ЦП-272-05 Магистральдық темір жол желісінде арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету және пайдалану жөніндегі нұсқаулық, Астана, 2015.
5. Биргер И.А., Шорр Б.Ф., Иосилевич Г.Б. Расчет на прочность деталей машин: справочник. – М.: Машиностроение, 2017. – 702 с.
6. Басов К. А. «Ansys бағдарламасы және қолдану тәсілі». Краснов Г. Д.-М.: Компьютер-пресс, 2018-2026.
7. Басов К. А. «Ansys анықтамалығы пайдаланушы». - М.:ДМК Пресс, 2015-646.

ТЕМІРЖОЛШЫМАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА ХИМИЯ ПӘНІН САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫПОҚЫТУ

Тасбаева Асем Акпаровна

Алматы көлік және коммуникациялар колледжі

Аңдатпа

Бұл мақалада теміржолшы мамандарды кәсіби даярлау барысында химия пәнін оқытуда сандық технологияларды қолданудың маңызы мен тиімділігі қарастырылады. Заман талабына сай білім беру процесінде цифрлық құралдар мен онлайн платформаларды пайдалану болашақ инженер-

теміржолшылардың химиялық сауаттылығын арттырып, кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: сандық технологиялар, химия, теміржолшы маман, қашықтан оқыту, цифрлық білім беру ортасы.

Өзектілігі: Темір жол саласы цифрлану мен технологиялық жаңғыруды бастан кешіп отыр. Өндірістегі көптеген процестер — коррозияға қарсы қорғау, майлау материалдарының химиялық тұрақтылығын арттыру, суды тазарту және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету — тікелей химиялық білімге негізделеді. Сондықтан болашақ теміржолшы-мамандарды даярлау кезінде химия пәнін заманауи цифрлық технологиялармен ұштастыра оқыту – кәсіби құзыретті, инновациялық ойлайтын және өндірістік ортаға тез бейімделе алатын мамандарды қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Сандық технологияларды қолдану оқу процесін жандандырып, күрделі химиялық құбылыстарды визуалды және тәжірибелік форматта көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, теорияны практикамен ұштастыруға жағдай жасайды.

Мақсаты - теміржолшы мамандарды даярлау процесінде химия пәнін оқытуда сандық технологияларды тиімді пайдалану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық қабілетін және пәнге деген қызығушылығын арттыру; білім сапасын көтеру және оқу процесін заманауи талаптарға сәйкестендіру.

Кіріспе


Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты бағыты – цифрлық трансформация мен инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізу болып табылады. Әсіресе техникалық және кәсіптік білім беру саласында бұл үрдіс болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мен өндірістік ортаға бейімделуін қамтамасыз етеді.

Теміржол саласы — күрделі технологиялық және химиялық процестерге негізделген өндіріс салаларының бірі. Сондықтан химиялық процестерді түсіну және оларды басқару болашақ теміржолшы-мамандар үшін аса маңызды. Теміржол саласындағы химиялық құбылыстар — материалдардың коррозиясы, майлау және жанармай материалдарының тотығуы, бояу және қорғаныш жабындарының тұрақтылығы, суды тазарту мен дезинфекциялау секілді бағыттарды қамтиды. Бұл білім студенттерге өндірістегі нақты жағдайларды түсініп, қауіпсіздік техникасын сақтауға және экологиялық жауапкершілікке үйретеді. Сондықтан химияны сандық технологиялармен интеграциялау — заманауи кәсіби білім берудің қажетті талабы.[1]

Теміржол саласындағы химиялық процестердің рөлі. Теміржол көлігінің тиімді және қауіпсіз жұмыс істеуі көптеген химиялық процестерге тікелей байланысты. Мысалы, рельстер мен вагон бөлшектерінің тозуы мен коррозиясы өндіріс шығынын арттырады және қызмет мерзімін қысқартады.


Теміржол саласында қолданылатын материалдардың химиялық қасиеттерін, отын түрлерінің құрамын, тежегіш жүйелеріндегі сұйықтықтардың тұрақтылығын білу – қауіпсіздік пен тиімділікті қамтамасыз ететін маңызды фактор. Осы процестердің химиялық табиғатын меңгеру арқылы студенттер металдардың тотығу реакцияларын, олардың қорғаныш жабындармен әрекеттесуін және тоттануға қарсы әдістерді тәжірибелік тұрғыда зерттейді. Химиялық білім бұл материалдардың сапасын бағалауға, экологиялық таза баламаларын таңдауға мүмкіндік береді. Сандық технологияларды қолданудың маңызы: сандық технологиялар қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Олар оқу процесін жандандырып, күрделі химиялық процестерді көрнекі және қолжетімді форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

1. Виртуалды зертханалар және симуляциялар. PhET (University of Colorado Boulder) және Labster сияқты платформалар арқылы студенттер реакциялардың жүру барысын қауіпсіз ортада бақылай алады. Бұл тәсіл қауіпті немесе қымбат тәжірибелерді цифрлық форматта орындауға мүмкіндік береді. Мысалы, металдардың тотығу реакциясын немесе бейорганикалық қосылыстардың қасиеттерін виртуалды ортада зерттеу арқылы студенттер нәтижелерді өз бетінше талдап үйренеді.[2]



2. AR/VR технологиялары. Кеңейтілген және виртуалды шындық құралдары (AR/VR) теміржолдағы өндірістік процестерді шынайы визуализациялауға мүмкіндік береді. AR модельдері арқылы студенттер цистерна ішіндегі химиялық зат айналымын, температура мен қысымның өзгеруін үш өлшемді форматта бақылай алады. Мұндай тәсіл оқытудың қызықтылығын арттырып, күрделі құбылыстарды нақты елестетуге көмектеседі.

3. IoT және сенсорлық жүйелер. Заттар интернеті (IoT) технологиялары өндірістік процестердің нақты уақыттағы көрсеткіштерін бақылауға мүмкіндік береді. Температура, қысым және химиялық құрам жөніндегі мәліметтер арнайы датчиктер арқылы өлшеніп, компьютерге немесе мобильді құрылғыға жіберіледі. Бұл ақпарат оқу процесіне интеграцияланып, студенттерге заманауи өндірістік басқару жүйелерімен жұмыс істеуді үйретеді.[5]



Химия пәнін оқытудағы сандық технологиялардың рөлі. Сандық технологиялар білім беру процесін интерактивті, көрнекі және қолжетімді етеді. Мысалы: PhET Interactive Simulations – химиялық реакциялар мен молекулалық құрылымдарды визуализациялауға мүмкіндік береді; Google Classroom, Moodle, Kahoot – студенттердің жеке оқу траекториясын қалыптастыруға көмектеседі; Virtual Lab және ChemCollective – виртуалды зертханалық жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді.[3]

Теміржолшы мамандарға арналған химиялық білімнің ерекшелігінің бірі, теміржол саласында қолданылатын материалдардың химиялық қасиеттерін, отын түрлерінің құрамын, тежегіш жүйелеріндегі сұйықтықтардың тұрақтылығын білу – қауіпсіздік пен тиімділікті қамтамасыз ететін маңызды фактор. Сондықтан оқу мазмұнында кәсіби бағытталған химиялық тақырыптар қамтылуы тиіс. Колледждерде жүргізілген тәжірибелік сабақтарда студенттер: онлайн зертханалық жұмыстарды орындап, реакция теңдеулерін виртуалды түрде талдайды; QR-код, AR (Augmented Reality) элементтері арқылы оқу материалын кеңейтеді. Цифрлық технологияларды қолдану тек техникалық мүмкіндік емес, сонымен қатар жаңа педагогикалық парадигманың қалыптасуы болып табылады. Оқыту процесінде интерактивті әдістер, жобалық оқыту, аралас сабақтар (blended learning) және STEM тәсілдері кеңінен қолданыла бастады.[4]

Интеграциялық сабақтар химия мен арнайы пәндердің байланысын көрсетеді. Мысалы, «Материалтану және химия» пәндері бойынша студенттер коррозияға қарсы жабындардың химиялық құрамын талдап, алынған нәтижелерді цифрлық форматта өңдейді. Бұл тәсіл студенттердің зерттеушілік қабілеттерін дамытып, практикалық ойлау жүйесін қалыптастырады. Сонымен қатар, оқытушылар LearningApps, Canva, Miro, Google Workspace, Microsoft Teams сияқты сандық құралдарды пайдалана отырып, интерактивті тапсырмалар мен визуалды контент жасай алады. Мұндай ортада білім алушылардың танымдық белсенділігі мен уәждемесі айтарлықтай артады.

Қорытынды

Теміржол саласындағы химиялық процестерді оқытуда сандық технологияларды қолдану — болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың, инновациялық ойлау қабілетін дамытудың және өндірістік

тәжірибеге жақындатылған білім берудің тиімді жолы. Цифрлық құралдар оқу материалдарын визуалды және қолжетімді етеді, зертханалық тәжірибелерді қауіпсіз ортада орындауға мүмкіндік береді және студенттердің сыни, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Болашақта бұл бағыт кәсіптік білім беру жүйесінде «ақылды зертхана» (smart lab) форматтарын енгізу, өндірістік симуляцияларды кеңейту және жасанды интеллект негізінде химиялық процестерді модельдеу мүмкіндіктерімен толықтырылады. Химия пәнін цифрлық технологиялар арқылы оқыту — болашақ теміржол мамандарын заманауи талаптарға сай, кәсіби тұрғыдан даярлаудың тиімді және өзекті тәсілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- [1] ҚР Білім және ғылым министрлігі. Кәсіптік білім беруді цифрландыру тұжырымдамасы, 2023.
- [2] PhET Interactive Simulations. University of Colorado Boulder. <https://phet.colorado.edu>
- [3] UST.KZ. Инновациялық технологиялар арқылы химия сабағында қолданылатын тиімді тәсілдер. 2023.
- [4] Бекенова А.Қ. Цифрлық педагогика және кәсіби білім берудегі инновациялар. – Алматы, 2024.
- [5] Әлімхан Ж. Инженерлік білімде AR/VR технологияларын қолдану тәжірибесі. – Нұр-Сұлтан, 2023

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ВИРТУАЛДЫ ТРЕНАЖЕРЛАР МЕН СИМУЛЯЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қабылова Діlnәз Айтжанқызы

Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжі

Қазіргі қоғамда теміржол саласы үнемі дамып, цифрландыру үрдісінің әсерімен жаңа бағытқа бет алды. Қазақстан экономикасында теміржол көлігі маңызды рөл атқаратындықтан, осы сала мамандарының кәсіби даярлығы мен технологиялық сауаттылығы айрықша мәнге ие.

Ұлытау облысы еліміздің ірі өндірістік орталығы саналады. Бұл өңірдегі мыс кен орындары мен металлургиялық зауыттардың тұрақты қызметі теміржол қатынасына тікелей тәуелді. Облысымыздың Жезқазған және Сәтбаев қалалары теміржол желісі арқылы елдің өзге өңірлерімен тығыз байланысып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсімін қамтамасыз етіп отыр. Осыған сәйкес, өңірде теміржол мамандарын даярлау ісінің сапасын арттыру өзекті мәселеге айналған.

Кәсіби білім берудегі жаңа технологиялардың орны

Бүгінгі таңда теміржол саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі дәстүрлі әдістермен шектелмей, инновациялық оқыту құралдарын кеңінен енгізіп келеді. Солардың ішінде виртуалды тренажерлар мен симуляциялық оқыту технологиялары ерекше маңызға ие [1], [2].

Виртуалды тренажерлардың мәні

Виртуалды тренажер – нақты өндірістік процесті компьютерлік модель арқылы шынайы форматта көрсетуге арналған интерактивті жүйе [3]. Мұндай құрылғылар студенттерге пойыздың қозғалысын басқару, тежеу жүйесін қолдану, сигнал беру және төтенше жағдайларда әрекет ету тәсілдерін қауіпсіз ортада меңгеруге мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдің артықшылығы — студент тәжірибе барысында қателесіп, өз әрекетін талдап, дұрыс шешім қабылдауды үйрене алады. Ал дәстүрлі сабақтарда мұндай тәжірибелік мүмкіндік шектеулі болатын [4].

Қазақстандық оқу орындарындағы тәжірибе

Қарағанды теміржол колледжінде 2024 жылы “AI Train Simulator” атты жаңа виртуалды тренажер кешені пайдалануға берілді. Бұл жүйе локомотив кабинасын 3D форматта бейнелеп, машинистің нақты жұмыс жағдайын толық имитациялайды.

Сол сияқты, Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжінде “Автотранспорт жөндеу” мамандығының студенттері **Electude simulator** онлайн-зертханасында тәжірибелік сабақтар өткізеді. Аталған халықаралық платформа қозғалтқыш диагностикасы мен электр жүйелерін тексеру процестерін виртуалды түрде орындауға мүмкіндік береді.

Колледж Electude компаниясымен серіктестік орнатып, студенттерге әлемдік деңгейдегі цифрлық оқу материалдарын ұсынуда. Симулятордың артықшылығы — әр студент жеке қарқында жұмыс істеп, нәтижесін бірден көре алады. Бұл тәсіл қызығушылықты арттырып, кәсіби дағдылардың қауіпсіз қалыптасуын қамтамасыз етеді [5].

Алматы көлік және коммуникация колледжінде “SmartRail VR” бағдарламасы арқылы студенттер толықтырылған шынайылық (AR) элементтерімен пойыз қозғалысын басқаруды үйренеді. Бұл жүйе арқылы машинист пен диспетчер өзара байланысып, нақты уақыт режимінде жұмыс істеуді тәжірибеден өткізеді [6].

Өндірістік симуляция орталықтарының дамуы

“Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясы өз қызметкерлерін қайта даярлау мақсатында заманауи цифрлық оқыту орталығын құрған. Мұнда “TrainTech Pro” симуляторы арқылы машинистер ауа райының өзгерісі, тежегіш жүйесінің бұзылуы және сигналдық ақаулар сияқты түрлі сценарийлерде машықтанады.

Осы арқылы қызметкерлердің шешім қабылдау дағдысы мен кәсіби икемділігі артады.

Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру

Теміржол көлігінде ең басты талаптардың бірі — қауіпсіздік. Виртуалды тренажерлар апатты жағдайларды модельдеу арқылы студенттерді шұғыл әрекет етуге, сабырмен шешім қабылдауға үйретеді. Зерттеу нәтижелері

бойынша, симуляторда машықтанған мамандардың нақты жұмыстағы қателік деңгейі 50%-ға төмендесе, апатты жағдайда әрекет ету уақыты 30%-ға қысқарады. Бұл жалпы қауіпсіздік мәдениетінің артуына ықпал етеді.

Оқу мен өндіріс арасындағы байланыс

Симуляциялық технологиялар оқу орындары мен өндіріс мекемелерінің әріптестігін нығайтты. Колледждер мен “ҚТЖ” компаниясы бірлескен бағдарламалар әзірлеп, оқу сценарийлеріне нақты өндірістік жағдайларды енгізуде [7].

Мысалы, Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжінде оқытушылар “Заманауи жылжымалы құрам, диагностика және техникалық қызмет көрсету әдістері” бағыты бойынша біліктілігін жетілдіріп, жаңартылған техникалық шешімдерді оқу процесінде тиімді қолдануда.

Зерттеу нәтижелері

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, виртуалды тренажерлармен оқытылған топтарда студенттердің пәнге қызығушылығы 40%-ға артқан, ал өндірістік тәжірибедегі қателік екі есе азайған [8].

Симуляциялық технологиялардың негізгі артықшылықтары:

- Тәуекел мен шығынды азайтады;
- Қауіпсіздік деңгейін жоғарылатады;
- Нақты жабдыққа тәуелділікті төмендетеді;
- Студенттің жетістігін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді;
- Аналитикалық және шығармашылық ойлауды дамытады.

Халықаралық тәжірибе және болашақ бағыт

Германия, Жапония және Оңтүстік Корея сияқты елдерде теміржол мамандары 300–400 сағаттық виртуалды дайындықтан өткеннен кейін ғана нақты пойызды басқаруға жіберіледі. Алдағы уақытта жасанды интеллект пен толықтырылған шынайылық (AR, MR) технологияларына негізделген жаңа буын симуляторлары енгізіліп, машинистермен қатар диспетчерлер мен инженерлерді де оқытуға мүмкіндік береді [9].

Қорытынды

Қорытындылай келе, теміржол саласындағы виртуалды тренажерлар мен симуляциялық жүйелерді пайдалану – кәсіби білім берудің инновациялық бағыты. Мұндай технологиялар студенттерді нақты өндірістік ортаға бейімдеп, тәжірибелік дағдыларды қауіпсіз әрі тиімді жолмен қалыптастырады.

Виртуалды оқыту тек заманауи тәсіл емес, сонымен қатар қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, шығынды азайтуға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс еліміздің теміржол саласын халықаралық деңгейдегі стандарттарға жақындатып, цифрлық болашаққа дайындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2018 ж.

2. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Кәсіптік және техникалық білім беруді дамыту тұжырымдамасы (2021–2025 жж.) – Нұр-Сұлтан, 2021 ж.
3. Баймұратова А.Қ. Оқыту процесіндегі виртуалды тренажерлардың рөлі. – Алматы: «Білім», 2023 ж.
4. Серікбай Г.Ж. Кәсіптік білім беру жүйесінде симуляциялық оқыту әдістерін қолдану ерекшеліктері // «Білім және инновация» журналы, №2, 2022.
5. Қарағанды теміржол колледжі. “AI Train Simulator” тренажер орталығы туралы ақпараттық бюллетень. – 2024 ж.
6. Алматы көлік және коммуникация колледжі. “SmartRail VR” оқыту бағдарламасы жөніндегі есеп. – Алматы, 2024 ж.
7. “Қазақстан темір жолы” ҰК” АҚ. Теміржол қызметкерлерін цифрлық оқыту орталығының есебі. – Астана, 2023 ж.
8. UNESCO. Digital Transformation in Technical and Vocational Education and Training (TVET). – Paris, 2021.
International Union of Railways (UIC). Smart Railways: Simulation and Training Technologies. – Paris, 2023.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖӘНЕ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ТОЛЕУХАНОВА И.Р.

ДЮСЕМБАЕВА Д.З.

«ҚАРАҒАНДЫ ТЕМІРЖОЛ КОЛЛЕДЖІ» КМКҚ

Аңдатпа. Бұл мақалада кәсіптік білім беру жүйесіндегі және теміржол көлігі саласындағы цифрлық технологиялардың рөлі мен маңыздылығы қарастырылады. Цифрлық технологиялардың білім беру процесін жетілдіруге, мамандарды даярлау сапасын арттыруға және теміржол көлігінің тиімділігін арттыруға әсері талқыланады. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды енгізудің перспективалары мен қиындықтарына назар аударылады.

Кіріспе: Қазіргі таңда цифрлық технологиялар қоғамның барлық салаларына, соның ішінде білім беру мен көлікке де терең еніп келеді. Әсіресе, кәсіптік білім беру жүйесі мен теміржол көлігі саласында цифрлық технологияларды қолдану мамандарды даярлау сапасын арттыруға және көлік инфрақұрылымының тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.[1]

Тақырыптың өзектілігі: Әлемдегі көлік-логистика жүйесінің дамуына байланысты теміржол саласына жүктелетін міндеттер мен талаптар артып отыр. Бұл салада жоғары кәсіби білім мен тәжірибеге ие, заманауи

технологияларды еркін меңгеретін білікті мамандар қажет. Себебі теміржол көлігінің қауіпсіздігі мен тиімділігі тікелей адам факторы мен оның дайындығына байланысты.

Теміржол саласындағы цифрлық трансформация – автоматтандырылған басқару жүйелері, жаңа буын сигнализациясы, қашықтан бақылау, деректерді сараптау және виртуалды оқыту құралдары – кадрларды оқытудың жаңа тәсілдерін қажет етеді. Дәстүрлі оқыту әдістері қазіргі заман талаптарына толық сәйкес келмейді, сондықтан оқыту үрдісін жаңғырту – күн тәртібіндегі маңызды мәселе. [2]

Виртуалды симуляторлар, қашықтан оқыту платформалары, аралас оқыту (blended learning), виртуалды технологиялар және цифрлық тренажёрлар теміржол мамандарының кәсіби дағдыларын тәжірибе жүзінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оқу үдерісінің тиімділігін арттырып қана қоймай, өндірістегі қауіпсіздік деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, Қазақстанда теміржол инфрақұрылымы мен техникаларын жаңғырту белсенді жүргізіліп жатқан кезеңде, осы салада жұмыс істейтін мамандардың да біліктілігін заманауи талаптарға сай жетілдіру – стратегиялық міндеттердің бірі болып отыр.

Осыған байланысты, теміржол мамандарын даярлау жүйесіне заманауи технологияларды енгізу – оқу сапасын арттырудың, бәсекеге қабілетті кадрлар қалыптастырудың және өндірістегі еңбек өнімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі тетігі болып табылады.

Мақсаты: Жұмысшы мамандықтарын оқытуда заманауи технологияларды, цифрлық білім беру платформаларын және инновациялық әдістерді тиімді қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру, білім алушылардың кәсіби дағдыларын жетілдіру және еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Міндеті: Виртуалды және тәжірибелік тренажерлар арқылы кәсіби дағдыларды дамыту Цифрлық платформалармен оқыту жүйелерін оқу үрдісіне тиімді енгізу жолдарын көрсету. Білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру үшін ойын элементтерімен мобильды қосымшаларды қолдану

Кәсіптік білім берудегі цифрлық технологиялар. Кәсіптік білім беруде цифрлық технологияларды қолдану оқыту процесін жаңа деңгейге көтереді. Олардың көмегімен студенттер мен оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыруға, оқытудың интерактивті әдістерін енгізуге және әрбір білім алушының қажеттіліктеріне бейімделген оқыту бағдарламаларын жасауға болады. [3]

Оқытудың интерактивті әдістері. Интерактивті тақталар, виртуалды зертханалар және онлайн-курстар сияқты цифрлық құралдар студенттерге теориялық білімді практикалық дағдылармен ұштастыруға көмектеседі. Мысалы, теміржол көлігінің болашақ мамандары үшін виртуалды симуляторлар нақты пойызды басқару тәжірибесін алуға, әртүрлі

жағдайларда шешім қабылдауды үйренуге және қателіктерден қорықпай тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. [4]

Жекелендірілген оқыту. Цифрлық технологиялар әрбір студенттің үлгерімі мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту бағдарламаларын бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс студенттерге өз қарқынымен оқуға, қиын тақырыптарды қайталауға және қосымша материалдарды зерттеуге мүмкіндік береді. [3]

Қашықтан оқыту.Онлайн-платформалар мен бейнеконференциялар арқылы қашықтан оқыту мүмкіндігі студенттерге географиялық шектеулерді еңсеруге және үздік оқытушылардан білім алуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе шалғай аудандарда тұратын студенттер үшін өте маңызды. [4]

Теміржол көлігіндегі цифрлық технологиялар.Теміржол көлігі саласында цифрлық технологияларды қолдану қауіпсіздікті арттыруға, тиімділікті қамтамасыз етуге және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Техникалық қызмет көрсету және диагностика.Цифрлық технологиялар теміржол көлігінің техникалық жағдайын бақылауға және ақауларды ерте анықтауға мүмкіндік береді. Сенсорлар мен датчиктер арқылы алынған деректерді талдау арқылы техникалық қызмет көрсету мерзімдерін жоспарлауға және күрделі ақаулардың алдын алуға болады.

Логистика және тасымалдауды басқару. Цифрлық логистикалық жүйелер жүк тасымалдауды оңтайландыруға, жеткізу мерзімдерін қысқартуға және шығындарды азайтуға көмектеседі. Бұл жүйелер нақты уақыт режимінде жүктерді бақылауға, маршруттарды жоспарлауға және көлік құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды енгізудің перспективалары мен қиындықтары.Цифрлық технологияларды енгізу көптеген перспективаларды ашады, бірақ сонымен қатар бірқатар қиындықтарды тудырады. [2]

Перспективалар

1 Білім беру сапасын арттыру: Цифрлық технологиялар оқыту процесін қызықты әрі тиімді етеді, бұл студенттердің білім алуға деген ынтасын арттырады.

2 Мамандарды даярлауды жетілдіру: Виртуалды симуляторлар мен курстар студенттерге нақты жұмыс жағдайларына жақын тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Қиындықтар

1 Қаржылық шығындар: Цифрлық технологияларды енгізу және қолдау үлкен қаржылық шығындарды талап етеді. [2]

2 Кадрлардың біліктілігі: Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану үшін білікті мамандар қажет. [3]

3 Киберқауіпсіздік: Цифрлық жүйелерді қорғау және деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды мәселе болып табылады. [2]

Қорытынды. Цифрлық технологиялар кәсіптік білім беру мен теміржол көлігі саласында үлкен рөл атқарады. Оларды енгізу білім беру сапасын арттыруға, мамандарды даярлауды жетілдіруге және теміржол көлігінің

тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, цифрлық технологияларды енгізу кезінде қаржылық шығындарды, кадрлардың біліктілігін және киберқауіпсіздікті ескеру қажет. Осы мәселелерді шешу арқылы цифрлық технологиялардың артықшылықтарын толық пайдалануға және кәсіптік білім беру мен теміржол көлігінің дамуына үлес қосуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2018.
2. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі. Теміржол көлігін цифрландыру стратегиясы. – Астана, 2021.
3. Сыдықов Е.Н., Жанпейісова М.Ә. Кәсіптік білім беруде цифрлық технологияларды қолдану әдістері // Білім беру және ғылым. – 2020. – №4. – Б. 55–61.
4. Жунусов Н.К., Тажибаева А.С. Цифрлық білім беру ресурстары және оларды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында пайдалану // Кәсіптік білім. – 2021. – №2. – Б. 45–50.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ НА ЗАНЯТИЯХ ЭКОНОМИКИ

Амангельдинова Жулдуз Алтынбековна

ГКП на ПХВ «Высший колледж транспорта и коммуникации»
акимата города Астаны

Ни для кого не секрет, что экономическое образование – одно из важнейших условий успеха в современной жизни. Однако для того, чтобы обучающиеся освоили достаточно сложный экономический материал, необходимо сформировать у них интерес к изучаемой дисциплине, т. е., принимая во внимание цели обучения, преподаватель с особой ответственностью должен подходить к методике преподавания экономических дисциплин – совокупности методов и приемов практической деятельности, приводящей к заранее планируемому результату.

Важную роль в методике преподавания экономических дисциплин отводится дидактическим играм (деловые и ролевые игры, блиц-игры и т. д.), поскольку в процессе их применения реализуются многие функции, влияющие на формирование экономической компетентности будущих специалистов.

Построенная на условностях, игра вместе с тем достаточно точно и продуктивно отражает структуру реальной деятельности, а это значит, что приобретенные в игре знания, приемы и навыки будут применяться игроками в реальной повседневной жизни. [2]

